№2 (8) / ақпан / 2018

# САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Кәсібің - нәсібің / Алаш қозғалысы / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

**Ақылдастар алқасы:**
Серік АҚСҰҢҚАР
Көпен ӘМІРБЕК
Қажыбек БЕКБОСЫН
Нұрперзент ДОМБАЙ
Асқар ДҮЙСЕНБІ
Құлбек ЕРГӨБЕК
Дулат ИСАБЕКОВ
Ержан ИСАТАЕВ
Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ
Айбек ҚАЛИЕВ
Сүлеймен МӘМЕТ
Әліпбек ӨСЕРБАЕВ
Ұласбек СӘДІБЕКҰЛЫ
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
Асқар ТҰРҒАНБАЕВ
Бекарыс ШОЙБЕКОВ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Құрбан Әділ**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады.

Мұқабада
Өкілетті Кеңес Төрағасы Мұса ЙЫЛДЫЗ

# САРАСӨЗ




***«Сарасөз» журналының бұл саны түркі жұртына ортақ оқу орны - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне арналып отыр***

***Ақпараттық қолдау көрсеткені үшін оқу орнының Ақпарат орталығына алғыс білдіреміз***



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ


**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістанды түркі дүниесінің ортақ білім шаңырағына айналдырады.**

**Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының Президенті**

**Университетке есімі берілген Қожа Ахмет Ясауи Түркістаннан Анадолыға және Балқанға дейінгі созылып жатқан кең байтақ алқаптың рухани шамшырағының бірі.**

**Режеп Таип Ердоған,**
**Түркия Республикасының Президенті**





РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



# Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Төрағасы, доктор, профессор МҰСА ЙЫЛДЫЗ «САРАСӨЗ» журналына сұхбат берді



**Мұса мырза, өзіңізге де белгілі, кез-келген елдегі білім беру ұйымының құндылығы мен беделі ондағы оқу нысандарының көптігімен, материалды-техникалық жабдықталу деңгейінің жоғарылығымен өлшене бермейді. Оның ең басты өлшемі – әлбетте, білім сапасы. Сондықтан, бауырлас қос мемлекеттің басшыларының білім ордасы ретінде киелі шаһар һәм рухани астанамыз Түркістанды таңдауының ерекше мәні бар деп ойлаймыз. Осы тұрғыдағы көзқарасыңызды бізбен бөлісе отырсаңыз.**

Әуелі, менімен сұхбаттасуға ниет танытып, зор ілтипат көрсетіп отырған «Сарасөз» журналының басшылығына ерекше алғысымды білдіргім келеді.

Дұрыс айтасыз, кез-келген білім беру ұйымының құндылығы мен беделін оның материалды-техникалық инфрақұрылымының деңгейімен өлшеу жеткіліксіз. Оның ең басты өлшемі – әлбетте, білім сапасы. Алайда, білім сапасын барынша жақсарту үшін міндетті түрде аталмыш факторлар мен білім беру қызметі арасында өзара тығыз байланыс болуы тиіс.

Оқу ордамыздың сәулет және құрылыс жобасындағы ғимараттар мен нысандардың құрылысы толық аяқталған. Бүгінгі таңда университетіміз материалды-техникалық жабдықталу деңгейі жағынан Қазақстанның көшбасшы оқу орындарының қатарында деуге болады. Білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтерін одан әрі дамытып, көпке үлгі боларлық, халықаралық беделге ие білім ордасына айналу бағытында нық қадам басып келеміз.

Университетке Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімінің берілуі кездейсоқ емес. Сонымен қатар, ұлы данагөй бабамыздың есімімен аталған

оқу ордасының іргесін Түркістанда қалау ниеті де осы киелі шаһардың тілі бір, діні бір, ділі бір, рухы бір түркі тілдес халықтардың рухани құндылықтарын сонау Азияның, Африканың және Еуропаның шалғай өңірлеріне дейін жеткізіп, ізгіліктің туын биікке көтерген небір ұлы тұлғалардың алтын бесігіне баланған киелі мекен һәм тарихи-мәдени астана болуынан туындаса керек деп ойлаймын. Түркістан – тағылымы мол тарихымен әлемде өз орны бар тарихи-мәдени орталық һәм білім-ғылым ошағы. Тарихта «түркі ренессансы» деп аталған өркениеттің негізі де, міне, осы Түркістан топырағынан бастау алған.

Қожа Ахмет Ясауидің ілімі мен тәлім-тәрбиелік ұстанымын дәріптейтін оқу ордасын Түркістанда ашу идеясы да – дөп түскен тамаша шешім. Өйткені, Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы. Қожа Ахмет Ясауи бабымыздың ісін жалғастырушы шәкірттері мен жолын қуушы ізбасарлары жер бетінің түкпір-түкпіріне сапар шегіп, бұқара халықты дана ұстаздың ілімімен сусындатуда ерен еңбек сіңірген. Ендеше, осынау ұлы істі одан әрі жалғастыру ниетімен университетті Түркістанда ашу және оған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімін беру – құптауға тұрарлық маңызды шешім. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев университетіміздің іргесі қаланған алғашқы жылдары «Түркістанда ашылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті туысқан екі халық арасындағы байланысты нығайтып қана қоймайды, ол Түркістанды түркі әлемінің ортақ оқу ордасына айналдырады» деу арқылы Түркістанның беделін қайта жаңғыртуды қалап, Қазақстанды және өзге де түркі тілдес елдер мен қауымдастықтарды Қожа Ахмет Ясауи мен оның тағылымы мол мұрасының ажырамас бөлшегі саналған білім мен ғылымға баса ден қоюға шақырған.

Осы орайда, оқу ордамыздың іргесі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген көшбасшылық қабілетінің арқасында 1991 жылдың маусым айында Түркістан мемлекеттік университеті ретінде қаланғандығын да айта кеткен жөн болар.

**Түркі әлемінің ортақ оқу ордасына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ширек ғасырлық тарихында түркі әлемінің рухани құндылықтарын жаңғыртуға нендей үлес қосты және келешекте бұл бағытта қандай іс-шаралар атқарылмақ?**

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

**Қожа Ахмет Ясауидің ілімі мен тәлім-тәрбиелік ұстанымын дәріптейтін оқу ордасын Түркістанда ашу идеясы да – дөп түскен тамаша шешім. Өйткені, Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы**



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Бүгінгі технологиялық жаңғыру дәуірінде жоғары оқу орындары білім мен ғылымға көңіл бөліп қана қоймай, пәнаралық ғылыми зерттеулердің аясында жаңа технологияларды өндіруге және пайдалануға ынталылық танытуы қажет**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 25 жылдық тарихында “білім мен мәдениеттің дамуына дәнекер болу” миссиясын адал орындап, туысқан һәм бауырлас Қазақ елімен екіжақты байланысты нығайтуға сүбелі үлес қосып келеді. Құрылған сәттен бастап күні бүгінге дейін түркі әлемінің білім және мәдениет кеңістігінде жұлдызы жарқырай түскен оқу ордамыз, әлбетте, бұдан былай да болашаққа бағдарлы биік мақсаттарға қызмет ете бермек!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті күн өткен сайын жедел дамып, өркендеп келеді. Бүгінгі технологиялық жаңғыру дәуірінде жоғары оқу орындарының білім мен ғылымға көңіл бөліп қана қоймай, пәнаралық ғылыми зерттеулердің аясында жаңа технологияларды өндіруге және пайдалануға ынталылық танытуы қажет. Сондықтан, оқу ордамызда бәсекеге қабілетті, жаңашыл бастамалар мен жобаларды қолдау қағидасына басымдық беріліп, ғылыми ізденістерді тұрақты жүргізу және толыққанды аяқтап, іске қосу үшін бірізді жұмыстар атқарылуда.

Оқу орнымыздың Түркия Республикасы мен өзге де түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар үшін маңызы зор. Өйткені, түркі әлемінің ортақ білім ошағына айналған университетімізде түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген жастар білім алып, ортақ тіліміздің, тарихымызды және мәдениетімізді оқып-үйренуде. Атақты түркі шығыстанушысы Исмаил Гаспыралының «Ойымыз да, тіліміз де, іс-әрекетіміз де бір болғай!» деген түсінігі аясында еңбек етуге тырысудамыз. Сан алуан тіл мен мәдениеттің өкілдері саналатын студент жастарымыз Қазақстан мен Түркияның осынау ұлы міндет жолындағы тікелей қолдауының арқасында университет қабырғасында етене араласып, ортақ мәдени құндылықтарды бойларына сіңіруде. Қазақ тілімен қоса түрік тілін де меңгеруде. Түркі әлемінің болашағының жарқын болуына бағыт-бағдар беретін жалынды жастарды тәрбиелеу міндетінің оқу ордамызға жүктелуі – біз үшін зор мақтаныш!

Ясауи бабамыздың түркі халықтарын біріктіруші рөлін одан әрі жалғастыру бүгінде университетіміздің басты миссиясына айналып отыр. Себебі, түркі әлемінің түкпір-түкпірінен келген жастар оқу ордамыздан түлеп



ұшқаннан кейін Ясауи бабамыздың шәкірттері мен ізбасарлары секілді әртүрлі өңірлерге барып, сол жерлерде Ясауи бабамыздың дара тұлғасын һәм біздерді танытып жатса, өз миссиямыздың орындалғаны. Ендеше, 21 мемлекеттен келген 33 түркі тілдес ұлт пен ұлыстың өкілі саналатын жастардың басын қосып, оларды білім және ғылым нәрімен сусындату – кез-келген жанның маңдайына бұйыра бермейтін бақыт! Күні бүгінге дейін оқу ордамыздан түлеп ұшқан жетпіс бес мыңнан астам шәкірттің түркі әлемінің түкпір-түкпірінде Ясауи бабамыздың салып кеткен сара жолын жалғастырып жатқаны да біз үшін зор мақтаныш!

**Университеттің бәсекелік артықшылықтары мен қол жеткізген жетістіктері туралы әңгімелеп берсеңіз...**

Жоғарыда да айтып өткенімдей, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Қазақстандағы өзге де жоғары оқу орындарынан ең басты артықшылығы түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген жастарға білім беру міндеті жүктелген жалғыз жоғары оқу орны болуында. Қазіргі таңда оқу ордамызда 21 мемлекеттен келген 33 түркі тілдес ұлт пен ұлыстың өкілі саналатын жастар білім алуда. Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстанда шет мемлекеттердің қатысуымен көптеген жоғары оқу орындары ашылса да, әлемдегі бірден-бір оқу орнында біздегідей түркі тілдес ұлт пен ұлыстың өкілдері көптеп оқымайды. Міне, осындай бәсекелік артықшылығымыздың арқасында халықаралық мәртебеге ие болып отырған жайымыз бар. Дейтұрғанмен, ақпараттық технологиялардың білім беру үдерісіндегі қолданыс аясын кеңейту және тиімді пайдалану үшін теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра отырып, маман тапшылығы байқалған және мол сұранысқа ие мамандықтарды дамытуға ден қою қажет. Технологияға негізделген оқыту мүмкіндіктерін мейлінше ұтымды пайдаланып, білім беру ісін жетілдіру керек.

Әсіресе, отандық медицина саласындағы ғылым докторларының 50%-ға жуығы біздің университеттің түлегі екенін естігенде кеудеңді ерекше мақтаныш сезімі билейді. Әрине, медицина саласында қол жеткізген осынау


АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Қазақстандағы өзге жоғары оқу орындарынан ең басты артықшылығы - түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген жастарға білім беру міндеті жүктелген жалғыз жоғары оқу орны екендігі**





*Ахмет Ясауи университеті кампусының әуеден көрінісі. Түркістан қаласы*



жарқын жетістіктеріміз де өзінің лайықты бағасын алып, оқу ордамыздың Клиника-диагностикалық орталығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Экономика министрлігінің 4 бірдей марапатына ие болды. Атап айтқанда, Клиника-диагностикалық орталығының ұжымы 2016 жылдың қорытындысы бойынша атқарған игі жұмыстары мен қол жеткізген айтулы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Гиппократтың ұлы мұрагері» атағын иеленді. Үстіміздегі оқу жылынан бастап дербес факультетке айналған Стоматология факультетінің де алдағы уақытта өз түлектері арқылы Қазақстандағы һәм түркі әлеміндегі игі бастамаларға сүбелі үлес қосатынына кәміл сенімдімін.

**ЮНЕСКО деңгейінде 2016 жыл «Қожа Ахмет Ясауи жылы» деп жарияланды. Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда Ислам ғұламаларының өмірі мен еңбектері қаншалықты дәріптелуде? (Сондай-ақ, «Қожа Ахмет Ясауи жылы» аясында атқарылған іс-шаралар туралы да азды-көпті мәлімет бере кетсеңіз)**

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың түркі халықтарының рухани дүниесінде сан ғасырлар бойы өшпес ізін қалдырған сопылық ілімінің негізін қалаушы, Арыстан бабтан қабылдап алған аманатты хорасандық алып ерендері арқылы тағылым толы хикметтерінің тілімен төрткүл дүниенің төрт бұрышына жеткізе білген ұлы ойшыл, ғұлама ақын екені баршаға белгілі.

Қожа Ахмет Ясауидің жаққан білім шырағын сөндіріп алмай, Орта Азиядан сонау Анадолы мен Балқан өлкесіне дейін жеткізген ұлы тұлғалардың

арасында Қажы Бекташ Уәли, Мәулана, Юнус Эмре, Қажы Байрам Уәли, Гүл баба, Сары Салтук сынды түркі халықтарының біртуар азаматтары болған. Олар ұлттық, діни және адамгершілік тақырыптарында жазған соны туындылары арқылы Анадолы мен Балқан өлкесінде түркілік болмыс пен сананың кең етек жаюына сүбелі үлес қосып, түркі жұртының қонысын едәуір ұлғайтқан.

Бүгінде Ислам ғұламаларының өмірі мен еңбектері жайлы деректерден азды-көпті хабардармыз. Дегенмен, бұл жеткіліксіз. Себебі, түркі әлемінің бірлігі мен татулығына арқа сүйеу қажет болған осы заманда әртүрлі мәзхабтар, жамағаттар, ағымдар және тариқаттар арқылы көрініс тапқан дінге жат іс-әрекеттерді ауыздықтауға шақыратын һәм адамгершілікке, ізгілікке, қоғамдық келісімге үндейтін Қожа Ахмет Ясауи сынды түркі-ислам ғұламаларының пікірлері мен көзқарастарын мейлінше кеңінен танытып, дәріптеу қажет.

Қазіргі таңдағы діни мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік беретін терең пайым мен толымды толғаулардың жиі-жиі талқылануы осы тұрғыдан алып қарағанда өте маңызды. Мол мәдени мұрасымен жаһандық өркениеттің өзегін құраған түркі-ислам өркениеті сыртқы күштердің жоспарлы іс-әрекеттерінің нәтижесінде соңғы жүз жыл ішінде өз болмысы мен құндылықтарынан айрылуға шақ қалды. Сондықтан, Ислам әлемінің осынау қиын-қыстау заманда еңсесін тіктеп, ертеңін сақтап қалуы үшін, әлбетте, рухани қайта жаңғыруға қажеттілік туындап отыр.

ЮНЕСКО деңгейінде 2016 жыл «Қожа Ахмет Ясауи жылы» деп жариялануына орай 2016-2017 жылдарын ұлы бабамыздың мол мұрасын дәріптеуге арнап, екі жыл ішінде 410 іс-шара өткіздік. Атап айтқанда, доц.м.а., фил.ғ.к. Мұстафа Татжының жауапты редакторлығымен Қожа Ахмет Ясауидің бүгінге дейін табылған хикметтерінің шағатай тіліндегі түпнұсқалық мәтіндерімен бірге түрік тіліндегі аудармасы жинақталып, «Диуани Хикмет Қожа Ахмет Ясауи» атты еңбек жарық көрді.

Өкілетті кеңес басқармасы мен Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТІКА) демеушілігімен «Қожа Ахмет Ясауи» атты сазгерлер сайысын ұйымдастырдық. Жүлделі орындарға ие болған сазгерлердің туындыларын жинақтап, CD түрінде басып шығардық. Жас ұрпақты Ахмет Ясауи бабамыздың өмірімен таныстыру мақсатында ұлы тұлғаның өмірі туралы 16 беттік кітапшаны да кішкентай оқырмандарымызға тарту еттік. Сондай-ақ, зағип және мылқау жандарды да ұмыт қалдырмай, Қожа Ахмет Ясауидің өмірін, еңбектерін, хикметтерін және дереккөздерін арқау еткен һәм арнайы дыбысталған және нүктелі-бедерлі қаріппен жазылған «Ахмет Ясауи» кітабын да жарыққа шығардық.

Тағы да Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТІКА) демеушілігімен Қожа Ахмет Ясауидің есімімен аталатын жалпы орта мектептер мен лицейлерде Ахмет Ясауи бұрышын ашып, онда осы күнге дейін жарық көрген ұлы бабамыздың өмірі мен шығармашылығына арналған еңбектер мен туындылардың нұсқаларын қойдық.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

**Біздің түлек**

**Ж. НАКИПОВ, 1999 жылғы түлек. Жоғары санатты дәрігер-нейрохирург. ҚР ДСМ Денсаулық сақтау ісінің үздігі**

Бүгінде оқу үшін жасалған мүмкіндіктер мүлдем басқаша. Заманауи технологиялар, ғаламтор желісіне байланған интерактивтік кабинеттердің болуы, электр қуатының үздіксіз берілуі студенттерге сапалы білім алуға үлкен мүмкіндіктер беретіні сөзсіз. Сонымен қатар, клиникалардың заманауи жабдықталуы, жұмыс істеуге жасалған мүмкіндіктер шексіз. Медицина факультетінде оқи жүріп, қоғамдық жұмыстарда белсенді, оқуда үздік және өмірде креативті болу оңай шаруа емес. Ал, егер осының бәрі Сіздердің қолдарыңыздан келіп жатса, онда Сіз нағыз келешектің дәрігерісіз.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Танымал мемлекеттік қайраткерлер мен белді ақын-жазушылардың қатысуымен «Диуани хикмет» тақырыбында арнайы кездесулер өткізе бастадық. 2016 жылдың 12-қаңтарында өткен алғашқы кездесуімізге Түркия Республикасы Президенті Кеңсесінің бас хатшысының орынбасары мен баспасөз хатшысы, сондай-ақ Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес мүшесі доцент, доктор Ибрахим Калынды арнайы шақырдық. Күні бүгінге дейін осындай кездесулердің 16-сын өткіздік.

Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында Стамбул қаласында ашылған түркі тілдес халықтардың этноауылында «Қожа Ахмет Ясауи» киіз үйін тіктік. 2016 жылы сәуір айының 28-30 күндері аралығында Анкарада «Қожа Ахмет Ясауи» атты халықаралық симпозиум ұйымдастырдық. Осы симпозиумның екіншісін осы жылы сәуір айының 25-26 күндері тағы да Анкарада өткізуді жоспарлап отырмыз. 2016 жылы сәуір айының 13-15 күндері аралығында Түркістанда ғылым, спорт және мәдениет саласында «Қожа Ахмет Ясауидің ізімен: жаһандық келісім және ізгілік жолы» атты халықаралық симпозиум өткіздік. Сонымен қатар, Түркияның РТТ (пошта, телефон, телеграмма) мемлекеттік мекемесімен бірлесіп, «Қожа Ахмет Ясауи» пошталық маркасын басып шығардық. Ал, 2016 жылдың 22-желтоқсанында Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың суреті бейнеленген күміс естелік тиындарды айналымға шығардық.



Осы орайда, «Қожа Ахмет Ясауи жылы» аясында жарық көрген еңбектер мен туындылар туралы да аз-кем дерек беріп кетсем деген ойым бар. Атап айтқанда, Ремзи Өзчеликтің қылқаламынан шыққан «Ахмет Ясауи» атты екі томдық ойын кітабы жарық көрді. Доктор, профессор Кемал Эрасланның жауапты редакторлығымен «Ясауидің пақырнамасы»; доктор, профессор Неждет Тосунның жауапты редакторлығымен Ахмет Ясауидің «Рисала дар адаби тариқат» және «Рисала дар мақамат-ы әрбағин» атты парсы тіліндегі екі рисаласы (трактаты) «Ясауидің пақырнамасы және парсы тіліндегі қос рисала» деген атаумен жинақ түрінде баспадан шықты. Доктор Хаяти Бидженің «Пір-и Түркістан Қожа Ахмет Ясауи» кітабы және Халықаралық Түркі академиясы мен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес басқармасының тікелей қолдауымен «Жойылу каупі төнген түркі тілдері» атты 4 томдық еңбек қалың оқырманға жол тартты. Доктор, профессор Исмаил Хаккы Аксояктың «Ахмед Ясауидің румелилі ізбасары – үскүптік Ата Тухфетүл Ушак» атты туындысы; доктор, профессор Неждет Тосунның Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың өмірі мен шығармашылығына қатысты осы күнге дейін жарық көрген мақалалардан жинақталған «Қожа Ахмет Ясауи туралы таңдамалы мақалалар» атты еңбегі; «Қожа Ахмет Ясауи» атты халықаралық симпозиум мен «Түркі тілдес республикалардың тәуелсіздігіне 25 жыл» атты халықаралық симпозиумның баяндамалар жинағы; доктор, профессор Метин Акардың «Тайқазан туралы мәліметтер және Ресей серуені» атты еңбегі, «Ахмет Ясауи» (арабша), «Хәкім Сүлейман Ата (Ахмет Ясауидің III халифі), «Абай Құнанбаев және қара сөздері», «Диуани хикмет сұхбаттары», Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы дала ұлағаттары» және «Қазақ батырлық эпостары» атты кітаптар жарық көрді.



Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың тағылым толы мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған іс-шараларымыз мұнымен шектеліп қалмасы анық. Алдағы жылдары жұмыстарымызды одан сайын қарқындатып, Орта Азияда, Анадолыда және Балқан түбегінде Ислам дінінің кең етек жаюында елеулі рөл ойнаған Қожа Ахмет Ясауидің мұрасын мейлінше көп дәріптеуге һәм насихаттауға ден қоятын боламыз.

**Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін мамандардың жартысына жуығын Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектері құрап отыр.**

**Университетте теориялық білім тереңдетіліп оқытылғанымен, студенттердің практикалық тұрғыдан өзін-өзі шыңдауына кері септигін тигізетін факторлар да жоқ емес. Мәселен, қаламызда іс-тәжірибеден өтетін телеарналар мен газет-журналдардың жеткіліксіздігі. Ендеше, келешекте университеттің телестудиясын одан әрі дамытып, қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз етіп, Түркістанның телеарнасына айналдыру деген ниет те жоқ емес шығар?!**



Осы күнге дейін оқу ордамыздан түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген жастарды қоса есептегенде 75 мыңнан астам жас маман түлеп ұшты. Олардың әрқайсысы өз еліне барып, экономика, саясат, сауда-саттық, қаржы, мәдениет секілді көптеген салаларда әртүрлі деңгейде қызмет атқаруда. Әсіресе, медицина және БАҚ салаларында жұмыс істеп жатқан түлектеріміздің көптігі – біз үшін зор мақтаныш!

Қазақстандағы өзге де жоғары оқу орындарының ең басты артықшылығы – олардың Алматы және Астана қалаларында орналасқандығы. Әйтсе де, кейбір салаларда оларға қарағанда біздің түлектеріміздің саны басым. Сондықтан, алдағы уақытта осы межеден айнымай, теориялық біліммен қоса практикалық білімді шыңдау жолдарын қарастыруға басымдық беретін боламыз.


Журналистика мамандығын бітірген жастарымызды Түркияның жоғары оқу орындарында магистратурада және докторантурада оқуға жібердік. Әртүрлі академиялық ұтқырлық бағдарламаларының аясында көптеген студенттеріміз де барып, тәжірибе алмасып қайтты. Сол сияқты оқытушы-профессорларымызды да Түркияға арнайы шақырып, біздегі университеттердің тыныс-тіршілігімен таныстырдық.

Негізі, университет қалашығында телерадио студиясының жұмыс істегені құптарлық. Мәселен, Манас атындағы қырғыз-түрік университетінің жанынан «Манас» телерадио студиясы ашылған. Сондықтан, жуық арада қаражат тапшылығын шешіп, осы жобаны іске қоссақ деген ойымыз бар. Осы арқылы студенттеріміздің практикалық білімін шыңдауына һәм тәжірибе алмасуына жағдай туғызуды көздеп отырмыз.

Арнайы уақыт бөліп, менімен сұхбаттасқаныңыз үшін Сізге және «Сарасөз» журналының ұжымына шексіз алғысымды білдіремін. Сондай-ақ, Түркістан халқына да бас иіп, ерекше құрметімді білдіремін.

**Сұхбаттасқан Гүлжаз ҚАРЫБЕК**


***Университет оқытушыларына арналған «Мағжан» қалашығы***



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# УНИВЕРСИТЕТ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

**Мәдениет орталығында орташа есеппен жылына 680 іс-шара өткізіледі. «Түркі дүниесі тарихы» панорамалық мұражайы қызмет жасайды. Көркемсуретті панораманың аумағы 306 шаршы метр, биіктігі 6 метр, ұзындығы 51 метрден тұратын күмбезді дөңгелек залдан құралған**



1999 оқу жылында Мәдениет орталығы ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Қазіргі заман талабына сай, қаламыздағы үлкен мәдениет үйі. Мәдениет орталығының алғашқы директорлары – Якуб Делиөмероғлы, Яшар Шахиноғлы, Гүлсара Зияйдинова болатын. 2017-2018 оқу жылынан бастап, мәдениет орталығының директоры болып Жанболат Досболов тағайындалды. Ғимарат ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен ашылған болатын. Соңғы үлгідегі техникалық құрылғылармен жабдықталған екі қабатты Мәдениет орталығында ғылыми басқосулар мен әр түрлі мәдени-қоғамдық іс-шаралар өткізуге арналған 680 орындық үлкен зал және 200 орындық кіші конференц залдар бар. Бұл залдарда бір мезгілде 4 тілде ілеспе аударма жасауға мүмкіндік беретін кабинеттер, мультивидео пердесі, жағаға тағатын және сымтетіксіз микрофондар, соңғы үлгідегі жарықтармен қамтылған көп мақсатта пайдаланылатын 450 шаршы метрлік сахна орналасқан.

Сондай-ақ, конгрестер, конференциялар, ән кештерін және театрлық көріністер ұйымдастыруға ыңғайлы орта қалыптастырған. Мәдениет орталығында студенттердің мамандығына, оқу ордасына, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығын арттыру, студенттер арасында достық қарым-қатынасты нығайту, талантты жастарға қолдау көрсету және сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді, пайдалы өткізу үшін апта сайын халықаралық, республикалық, қалалық, университет деңгейінде конференциялар, семинарлар, кино, театрлық көрініс, көрмелер, байқаулар, студенттік клубтардың жұмыстары ұйымдастырылады. Мәдениет орталығында орташа есеппен жылына 680 іс-шара өткізіледі. «Түркі дүниесі тарихы» панорамалық мұражайы қызмет жасайды. Көркемсуретті панораманың аумағы 306 шаршы метр, биіктігі 6 метр, ұзындығы 51 метрден тұратын күмбезді дөңгелек залдан құралған. Бұл панорама жұмыр жерді мекендеген түркі халықтарының тас дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі бедерлі тарихын тұтас тамашалауға мүмкіндік береді.



# ОҚУ ОРДАСЫМЕН ЕГІЗ КІТАП МЕКЕНІ

Кітап ақылына ақы сұрамайтын қазына. Ал, Түркістандағы Түркі мемлекеттерінің татулығына тіреу болған бағаналы білім ордасының ғылыми кітапханасы оқу ордасымен қатар өсіп келеді. Тарихы терең, келешегі кемел Халықаралық статусқа ие мәртебелі оқу орнының кітапханасы профессорлар мен оқытушылар құрамы, білімгерлер, ғылыми қызметкерлерге оқу-іздену барысында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми басылымдар және электронды ресурстармен қамтамасыз етуге қауқарлы.



Меруерт Әбсеметова басқарып отырған кітапхана игілігіне 2016 жылы жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Оқырмандарға оңтайлы төрт қабатты нысан Түркия тарапынан қаржыландырылған. «Оқимын» деген жастың арман, мақсаты мығымдалып, кітапхана қоры 1 миллионға жуық кітаппен толықты. Сыйымдылығы 540 орынды құраса, 7 оқу залы мен электронды форматта да қызмет көрсетуге мүмкіндік зор. XXI ғасыр ақпарат майданы десек, кітапханадағы 70 дана компьютер білімгерлер игілігіне берілген. Күніне 3 мыңдай оқырман ағылатын кітап ордасы жыл сайын жаңа кітаптармен толығып отыруды дәстүрге айналдырған. Мұндағы 35 қызметкер әрбір оқырман көкейіндегі іздеген кітабын табуына қолғабыс жасап, қажетті материалына қол жеткізуге септігін тигізеді.



Ғылыми кітапхана үнемі даму мен өзгеріс үстінде. Оқу жылы басталысымен-ақ, әр факультет, деканаттармен тығыз байланыс орнатып, білімгерлердің сұранысындағы құнды әрі таптырмайтын кітаптарды кітапхана сөресінен орын алуға жұмыс жасайды. Электронды билет арқылы залға енген оқырман халықаралық стандартқа сай ашық түрде орналастырылған кітаптарды жеке дайындалатын кабиналар мен топтық жұмыстармен айналысу үшін жеке бөлмелерде керекті дерек пен айрықша ақпаратқа қанығa алады. Ал, мұндағы жұмыс автоматтандырылған ИРБИС-64 бағдарламасының бақылауында. Жалпы кітапхана қорына түскен кітаптарды қабылдап, толық ғылыми-техникалық өңдеуден өткізіп, электронды каталогқа сақтандыру штрих-белгілері қойылып, базаға енгізілсе, кітап қолға және өткізу үрдістері терминал арқылы жүргізілетін тиімді тұстары да бар. Білім ошағы ғылыми, әдеби, тарихи кітаптарға төрден орын беруден өзге мерзімді басылымдардан да қол үзген емес. Ал, Түркияның таңдаулы кітаптары өзіндік құндылығымен кітапхана төрінде мен мұндалап тұр.

Таңғы сағат тоғыздан кешкі тоғызға дейін жұмыстарын дөңгелетіп отырған кітапхана ұжымы әрбір айтулы датаға немқұрайлық танытпай атап өтуді қалыптасқан үрдіс деп біледі. Бұл ретте жұмыла жұмыс жасайтын кітапхана ішінен ашылған «Руханият» клубының мүшелері белсенді оқырмандардан құралған. Осындай білімгерлердің қатысуымен түрлі әдеби кештер мен дөңгелек үстелдер, қала берді мерейлі мерейтойлар кітапхана күн тәртібінде дүбірлеп өтіп, өзіндік сипат алған. 100 адамға арналған конференция залында да талай шараның тұсауы кесілген-ді. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығымен келісім-шарт негізінде Thomson Reuters компаниясының «Web of Knowledge» «Springer», «Science» «Elsevier», «Scopus» және Түркия Өкілетті Кеңес тарапынан TUBITAK ULAKBIM мекемесінен және Республикалық жоғары оқу


РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Электронды билет арқылы залға енген оқырман халықаралық стандартқа сай ашық түрде орналастырылған кітаптарды жеке дайындалатын кабинаалар мен топтық жұмыстармен айналысу үшін арнайы бөлмелерде керекті дерек пен айрықша ақпаратқа қанығa алады**

орындары аралық электрондық кітапхананың www.rmeb.kz ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының «Электрондық мемлекеттік кітапхана қор» www.kazneb.kz толық мәтінді деректер қорын пайдалануға жағдай жасалынған.

Әркез жағымды жаңалыққа жаны құмар, оқырманға ой салар кітапхада жуырда Рахманқұл Бердібай атындағы оқу залы ашылып, тұғырлы тұлғаның жанұясы тарапынан 3194 дана қайтарымсыз кітап сыйға берілді. Одан өзге Қожа Ахмет Ясауи атындағы залда оқырмандар ұлы ойшылдың ғұмырына қатысты тың деректерге қанығa алады. Университет сайтына енген осы орданың оқытушы-профессорлардың еңбектерін Қазақстандағы кез-келген оқу орны ашып, пайдалануға мүмкіндігі бар. Бұл дегеніміз кітапхананың заман ағымына сай ауқымы кеңейгендігіне негіз деп білеміз.

**Ақмарал ҒАНИҚЫЗЫ**





# УНИВЕРСИТЕТ БАҒЫ

Университеттің тұңғыш президенті, академик М.Жұрынұлының бастамасымен, тікелей қамқорлығының нәтижесінде университет қалашығында ботаникалық бақ салынып, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді. Бұл бақ Түркістан қаласының экологиялық жағдайын жақсартумен қатар, оқу-тәжірибелік, мәдени-ағарту, ғылыми-өндірістік үлкен маңызы бар орталық. Бақтың жобасы академик И.О.Байтуллиннің басқаруымен құрылды. «Ботаникалық бақтың» тақыр жерден көгеріп шығып, мәуелі бақ деңгейіне көтерілуі жолында үлкен қажырлы еңбек пен қаражат жұмсалды. Уақытпен санаспай, өзінің жиырма жылдан астам өмірін осы бақтың гүлденуіне арнаған биология ғылымдарының докторы, профессор, «Ботаникалық бақтың» директоры Құлахмет Байжігіттің еңбегі ерекше. «Ботаникалық бақ» өзінің атқаратын қызметіне байланысты, «Дендрарий», «Розарий», «Сиренгарий», «Шырша ағаштарының коллекциясы», «Көшелерді безендіру үшін өсімдіктер коллекциясы», «Жеміс-жидек ағаштарының коллекциясы», «Жеміс көшеттерінің питомниктері», «Қазақстан табиғи аймақтары», «Жеміс ағаштары мен жүзім плантациясы», «Құрметті қонақтар аллеясы», «Жылыжай» сияқты төменгі секторлар мен питомниктерден тұрады. «Ботаникалық бақтың» көшеттерін отырғызу 1995 жылдан басталды. Бүгінгі күні бақтың территориясында 100 мыңнан аса ағаштар өсіп тұр. Оның ішінде, 25 мың жеміс ағаштары бар. Мұнда өріктің, алманың, алмұрттың, шабдалының, шиенің ондаған сорттары жиналды. Жүзім плантациясында 10 мың түп жүзім бар, оның ішінде, 5 мыңы кишмиш сорты. Жыл сайын бақтан 150-200 мың тонна әртүрлі жеміс жинауға болады. Экспозициялық – парктік сектордың жалпы көлемі 20 гектар, бұл аймақта қылқан жапырақты ағаштардың коллекциясы, розарий, сиренгарий питомниктері салынды. Көшелерді көгалдандыру үшін өсімдіктердің 25 түрі жиналды. «Ботаникалық бақтың» көшеттері Қазақстанның Оңтүстік аймақтарынан және Өзбекстаннан жиналды. Түркістан қаласына келетін мемлекет басшыларымен қатар, зиялы қауымның көрнекті өкілдеріне арнап ағаш отырғызу үшін «Ботаникалық бақта» арнайы аллея салынды. Оның ұзындығы 750 метр. Ал қалаға келетін туристер үшін ағаш отырғызатын орын дайындалған. Бақтағы жеміс ағаштары мен декоративті ағаштардың көшеттерін өндіру жұмыстары қолға алынып, 100 мыңнан аса терек көшеттері даярланды. Олар ұзындығы 8 мың, ені 15 метр «Ботаникалық бақтың» санитарлық зонасына, университеттің жатақханасының маңайына, оқу корпустарына, мәдениет орталығының жанына және көшелерге отырғызылды. 2001 жылдан бастап бақтың территориясында жеміс ағаштарының көшеттерін жаңа технологиямен дайындайтын питомник салынды. Университет алдағы уақытта жыл сайын 50-60 мың жоғары сортты алманың, өріктің, тағы басқа жеміс ағаштарының көшеттерін өндіруді жоспарлап отыр. Кептірілген өрік пен жүзім мейізін күкірттейтін цех салынып, оны даярлау технологиясы меңгеріледі. Университет келешекте мәуе су дайындайтын миницех салуды жоспарлап отыр. Бұған керекті өнімдер ботаника бағынан және Түркістан аймағының тұрғындарынан жиналады. Қорыта айтқанда, киелі Түркістан топырағынан орын тепкен, университет құрылуымен жайқала бастаған «Ботаникалық бақ» келешекте Түркістан аймағының экологиялық жағдайын түбегейлі жақсарту мақсатында, керекті декоративті өсімдік-ағаштарын даярлап, ауылшаруашылық мамандарының тәжірибесін жетілдіру үшін өндірістік-тәжірибе жұмысын жетілдіре түседі.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

## Біздің түлек

**Е. ШАЛАНОВ, 2005 жылғы түлек. «Global Business Trade» компаниясының Бас директоры:**

Менің университетпен таныстығым мектеп қабырғасынан басталды. Шымкент қаласында орналасқан, біз білім алған Облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектепте ұйымдастырылатын ғылыми жобаларға, іс-шараларға университет ұстаздары жиі келетін. Әрине, облыстық деңгейдегі түрлі пән олимпиадаларында қазылық жасайтын білікті ұстаздар да осы оқу орынның оқытушы-профессорлар құрамы еді. Осы алғашқы таныстық мені осы университеттің студенті атануыма бірден-бір себеп болды. Оқу ордасында біз білім алған жылдары Болон декларациясының талаптары енгізіле бастаған кезеңге сәйкес келді. Сондықтан біз жаңа жүйемен білім алдық.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**МҰРАТ ЖҰРЫНҰЛЫ ЖҰРЫНОВ,**

**университеттің тұңғыш ректоры (1991-2001 ж.ж.) ҚР ҰҒА президенті, академик:**

# ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ - менің мақтанышым




Тікелей Елбасымыздың 1991 жылғы 6 маусымдағы Жарлығымен Түркістан Мемлекеттік университеті ашылып, оған Қожа Ахмет Ясауи есімінің берілуі, тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде үлкен құбылыс, тарихи оқиға болды. Уақыт неткен жүйрік десеңізші! Осы университеттің шаңырақ көтергеніне жиырма бес жылдан асыпты! Ойлап отырсақ, бәрі де күні кеше ғана сияқты еді. Сол кезеңде, университеттің алғашқы ректорлығына ұсынылғанымда ерекше толғаныс, тебіреніс құшағына бөленгенімді өмір бойы жасыра алмаймын. Ата-бабаларымның құтты мекені болған қасиетті топырақта, жаңадан қолға алынған ұлы істің басында болу кімге болса да үлкен бақыт еді. Сондықтан, үлкен сеніммен тапсырылған, жауапкершілігі аса зор жұмысқа құлшына кірістік. Университетті ашу алдындағы жүргізілген дайындық жұмыстары, әртүрлі алып-қашпа жел сөздер, барлық қиындықтарға шыдауға белді бекем буып, Түркістан топырағына нық сеніммен қадам басқан ерекше жігерлі ниеттес ғалым жігіттер. Қазір мен олардың есімдерін үлкен құрметпен, шынайы сезіммен еске аламын. Олар: х.ғ.д., профессор Б.Жаңабаев, э.ғ.к., профессор А.Ищанов, ф.ғ.д., профессор Б.Байтанаев, х.ғ.к., доцент Ә.Есалиев, тағы басқалар. Көп ұзамай бұл шағын топқа белгілі ірі ғалымдар келіп қосыла бастады – олар ғылым докторлары, профессорлар М.Мырзахметов, А.Баешов, Б.Бекмұратов, С.Шалхаров, Б.Керімбеков, Т.Байтелеев, Т.Ағдарбеков, С.Мадуанов, М.Ержанов, М.Әбілтайн, Р.Вахиров, А.Аширов, Ж.Оңалбек, Б.Мұхамеджанов және тағы басқалар. Бұл аталған ниеттес ғалым-бауырларымның университетіміздің аяғынан тұруына, қазіргі дәрежеге жетуіне сенім ұялатқан, қанша шаршап-шалдықсақ та азаматтық энтузиазмнің туын асқақтата көтеруімізге дем берген туған елге, жерге деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік деп білемін. Осындай іргелі оқу орнын қалыптастыруға және құруға басшылық еткен адам ретінде, жоғарыда аталған әріптестеріме және университеттің қарыштап қадам басуы жолында аянбай еңбек еткен барша азаматтарға, (бақилық болып кеткен аяулы жандарға, топырағың торқа болсын деймін) ширек ғасыр уақыт өткенін ескере отырып, алғыс сезімімді білдіремін. Рас, білім ордасының бой көтеруі жолындағы алғашқы кездер оңай болған жоқ. Отыратын кабинеттеріміздің жетіспегенін немесе жабдықталмағанын айтпағанның өзінде, моральдық жағынан да әртүрлі мәселелердің кез келген уақытта кесе-көлденеңдеп тұрып алғанын жасыруға болмайды. Әлі есімде, орталық «Известия» газетінде «Аудан орталығындағы ағарту университеті» деген тақырыппен жарық көрген мақаланың астарында оқу орнының болашағына күдікпен қарау, кекесін жатқан болатын. Келешегімізге күншілдікпен қарап, тырнақ астынан кір іздеуге кіріскен, сол мақсатпен танымал, таяз болжамдарын ортаға салып, теріс мәліметтер таратуға тырысқан азаматтарымыз да болды. Мысалы, республикалық «Казахстанская правда» газетінің 1992 жылғы наурыздағы санында «Болашағы жоқ университет» деген мақала жарияланды. Ол кезде университет оқытушы-профессорлары мен студенттерінің үлкен ашу-ызасын туғызған. Мұндай қаскөй де қарсы пиғылдармен әрдайым батыл күресіп отырдық. Қашан да уақыт әділ төреші екен. Біздің сол кездегі ісіміздің оң екенін қазір қаншама студенттер мен оқытушы-профессорлардың легінен құралған үлкен ұжымның, оларды білім нәрімен сусындатып отырған университеттің бүгінгі ауқымды істері айқын дәлелдеп отыр. Ол кезде Түркістан қаласы әлеуметтік экономикалық даму жағынан тұралап қалған елді-мекендердің бірі болатын. Ашылып жатқан оқу орнының болашағын көзге елестетудің өзі қиын еді. Тақыр жерге егін еккенмен бірдей тірлікті еліміздің тұңғыш Президенті өзі бас болып, ары қарай жұмыстың жүруін қадағалап отырды. Соған сәйкес, жергілікті жердің, облыстың, республиканың сол кездегі басшылары барынша көмектесуге тырысты. Университеттің осы деңгейге жетуіне, Елбасымызбен бірге үнемі көмек беріп отырған Түркияның Жоғары білім беру кеңесі, Білім министрлігі, ең ірі университеттері, Өкілетті кеңесі болды. Солардың азаматтық қолғабыстарының нәтижесінде университет оқытушы-профессорларына арналған соңғы үлгідегі кең де жарық, жайлы тұрғын



үйлер де бой көтеріп, дәмді тағамдар дайындайтын асхана, Шығыс үлгісінде салынған жатақханалар, әсем кітапханалар құрылысы басталды. Олардың бәрі де бітіп, бүгінде оқытушы-профессорларға арналған коттеджде, әлем архитектурасымен теңесетін әсем оқу ғимараттары, мәдениет орталығы, жаңа ғана пайдалануға берілген зәулім құрылысты кітапханалардың өзі неге тұрады? Әлі есімде, 1992 жылғы сәуір айында Түркияның сол кездегі Премьер-министрі, кейіннен Президенті болған Сүлеймен Демирел Түркістанға бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне зиярат етуге келді. Бұдан үш ай бұрын мен Түркияда болған едім. Анкарада С. Демирелдің бас кеңесшісі Намык Кемал Зейбекпен кездестім. Ол кісі жақсы білетін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековтен сәлем айттым. Әңгіме соңында: «Өзіңіз жақында Түркістанда болып қайттыңыз, қазір сол қалада бабамыздың атын қойып, университет ашылды. Егер сол университет Алматыда, Анкарада немесе Ташкентте орналаса, оның мұншалықты мәні болмас еді. Тарихтан белгілі, түркілердің ең осал жері – олардың басын қосу қиын. Келешек ғасырда түрік бірлігін белгілейтін қазіргі жастар болады. Сондықтан, ұлы бабамыз Ясауидің мекені болған Түркістанның қасиетін пайдалана отырып, университетті ортақ оқу орнына айналдырайық. Онда күллі түркі дүниесінің түкпір-түкпірінен келген талапты жастарын оқытайық. Олар түркілер бірлігінің негізі болады. Түркі дүниесінің келешегі соларға байланысты. Сондықтан ортақ рухани астанамызда орналасып, ортақ Ұлы бабамыздың атын алған екі елге ортақ – Халықаралық қазақ-түрік университеті біздің халықтарымыз үшін бұл бір тарихи құбылыс болар еді» - дедім. «Бұл ойыңызды мен толық құптаймын» - деді бірден Н.К.Зейбек мырза. Түркі халықтарының бірлігі туралы көп толғанатынын, әсіресе «ата жұрт» - деп аталатын Қазақстанмен достастықты дамытуды армандап жүрген азамат екенін, бұл мәселені Сүлейман Демирелдің алдына қоятынын, ол кісіні ортақ Халықаралық қазақ-түрік университетін ашуға көндіретінін айтты. Ұзаққа созылған әңгімеміз көңілден шығып, екеуміз де қалған бар өмірімізді туысқан түркі халықтарының достық қарым-қатынасын өркендетуге жұмсап, қолымыздан келгенінше қызмет етуге уәделестік. Бір-бірімізге ант бергендей құшақтасып қоштастық. Күллі түркі дүниесінің ынтымағы, бауырластығы жолында неше түрлі қиындықтарды жеңіп, адал қызмет етіп жүрген Намык Кемал Зейбек мырзамен бірінші кездесуім осылай болды. 1992 жылғы 30 сәуірде Түркияның Премьер министрі Сүлейман Демирел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Түркістанға келді. Аэропортқа олар үш ұшақпен қонды. Оның біріншісінде журналистер, екіншісінде еріп келген өкілдер, ал үшіншісінде қос Президент болды. Қазақстан мен Түркия Президенттерінің қасиетті қаламызға сапары қарсаңында мен Сарыағаштағы шипажайда демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаевты тікелей өзі ашқан университетінің түркі халықтарына ортақ Халықаралық қазақтүрік университеті болып өзгеруіне қалай қарар екенін біліп берсеңіз, деп өтініш еткен едім. Ол кісі уәдесін берген. Досым Намык Кемал Зейбек мырза Сүлейман Демирелді көндіруге сөз берген.



Осы сапарда С.Демирел мырзамен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Н.К.Зейбек сөзінде тұрып, С.Демирел мырзаның Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қолдағанын, М.Жолдасбеков болса, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл ұсыныстың бірден мақұлдағанын айтты. Кейін ойласақ, тұңғыш Президентіміз Түркістанда университет ашқан кезде тереңнен толғанып тапқан өз идеясының осылайша өріс алатынын білген екен... Президенттер келгенде, қазіргі Қазыбек би көшесінің қос қапталында қос Президент пен оларға еріп келген кісілерге студенттер қошемет көрсетті. «Нұрсұлтан аға, өзіңіз ашқан университетке келуіңізді өтінеміз!» деген тілек жазылған сөздер ерекше көзге түсті. Себебі, облыс әкімшілігінің жоспарында екі ел басшыларының университетке соғу, студенттермен, оқытушы профессорлармен кездесіп, әңгімелесу жоқ болатын. Алдында менің ұсынысым қабылданып, бағдарламаға енгізілген болатын. Кейіннен біреулердің араласуымен алынып тасталған. Іштарлық қой... Ал, бізге олардың университетке келуі ауадай қажет еді. Қос елдің басшыларына еріп жүрген сол кездегі облыс әкімі М.Үркімбаев «Президенттер сапарының бекітілген жоспарын бұзасыз ғой» деді. Ұлы бабамыздың мавзолейіне қос Президент зиярат етіп болған соң мені М.Үркімбаев іздетті. «Арманыңа жеттің. Ал, енді Президенттерді күтіп алуға дайынсың ба?»- деді ол бірден. Университет ұжымы мен студенттер үшін Елбасымыз ауылға табан тірегенде соқпай, кездеспей қалу ауыр тиетін болғандықтан, бұл дайындыққа біздер алдынала мұқият кіріскен едік. Сонымен, Президенттер «Керуен сарайда» түстенген соң



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## Біздің түлек

**С. СОЛАКОГЛЫ, 2008 жылғы түлек. Сакария қаласы әкімшілігі оркестрі музыканты:**

Музыкалық білім мамандығында білім алғанмын. Киелі жерден көп нәрсе үйрендім. Әсіресе, домбыраның қыр-сырына осы жерде молырақ қанықтым. Біз оқыған тұста кафедра меңгерушісі халық әртісі, профессор Қажыбек Бекбосынов еді. Ол кісі ән айтқан кезде денем тітіркеніп кететін. Керемет орындайтын, жүректен-жүрекке жеткізетін. Домбырадан 1-ші курста Раушан апай сабақ берді. Жарты семестр апайдан сабақ алғанмын. 2-ші семестр Әлімбай Ботақараев мырзадан 1 жыл сабақ алдым. Одан сон 1 жыл Мақсат Мұхаммеджан ұстаз, соңғы ұстаз Иманәлі ағай болды. Кейбір ұстаздарымның тегін ұмытып отырмын, кешірім сұраймын. Иманәлі ағайда сабақты үздік бітірдім. Ұстаздарымның бәріне де алғысым зор.


университетке келді. Біз үшін бұл естен кетпес тарихи оқиға болды: -Ал енді мына кісіге университет туралы жақсылап айтып бер, соңынан өтінішіңді айтарсың, - деді Нұрсұлтан Әбішұлы жылы жүзімен. Байқағаным, «Шешіп бердім ғой, бар» - дегендей шырай білінеді. Шынымды айтайын, менің жүрек толғанысымда шек болған жоқ. Әлі есімде, түркі халықтарының бірлігі жөніндегі жан-толғанысымды айта келе, баршамызға бабамыздың есімін алып, бәрімізге ортақ тарихи астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің статусына ие болса деген мәселеге тоқталдым. Ол кісі бұл сөздерді бірден құптады. Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып, қонақтармен түрікше сөйлесті. Қонақтар дән риза болды. Университетке Халықаралық мәртебе беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы бес данадан алдын-ала жасалып қойылған болатын. «Сіздің азаматтарыңызға сенейін. Бір өтінішімді орындаңыз. Мына жобаны Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей өз қолына тигізіңіз», - дедім Президентіміздің сол кездегі көмекшісі Қарағандыдан бірге жүрген досым Хайролла Қабжановқа. Ол уәдесін берді. Арада екі күн өткенде республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік Университетіне Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесі берілгендігі жөнінде хабар жарқ ете қалды. Осылайша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті. Оған Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, ал Түрік Республикасы үшін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин қол қойды. Сөйтіп, оқу орнымыз Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атала бастады, түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық университет ашылып, өз статусына ие болды. Көп ұзамай, ҚР Білім министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков екеуміз Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында келісім-шарт жасасу мақсатымен Түркияға бардық. Бұл құжатты жазу оңайға түскен жоқ. Оны бір аптадай жаздық. Қос мемлекет үшін де оның маңызы орасан зор еді. Онда негізінен Университетті басқару туралы, оның материалдық-техникалық базасын жақсарту және өркениетке сәйкес дамыту мәселелері қаралды. 1992 жылдың 25 қыркүйегінде Анкара қаласында түрік, қазақ және орыс тілдерінде бірдей күші бар үш данадан жасалған осы келісімшартқа Түркия жағынан Білім беру министрінің бөлім меңгерушісі Айдоған Атаунал мен Жоғары білім жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары Уйгур Тазабей, Қазақстан жағынан Оқу министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков пен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры ретінде мен қол қойдым. Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Президентіне екі жақтың Үкіметаралық келісімімен тағайындалу құрметі мен бақытына ие болдым. «Халықаралық университет басшылығында ортақ идеяға шын жүрегімен берілген адам істеуі керек», - деді мені құттықтаған үкіметтер басшылары. Осындай идеялар мені әрдайым құлшындырып отыратынын жасыра алмаймын. Көп ұзамай, Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысын жасадық. Бұл да оңайға түскен






жоқ. Талай түндер көз шырымын алмай жұмыс істеуге тура келді. Мұны менімен бірге Анкара қаласында жұмыс істеген ниеттес әріптестерім жоққа шығармаса керек. Екі ел зиялыларының келісімімен дүниеге келген Халықаралық университет Жарғысын Қазақстан жағынан Республика Премьер министрі С.Терещенко, ал Түркия тарапынан Республика Парламенті бекітті. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ресми ашылу салтанатына Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзал қасиетті Түркістанға арнайы сапармен келді. Аса кең жүректі, марқұм, тамаша жан еді. Университетке қонаққа келген ел басшыларына, қоғам қайраткерлеріне, халқына еңбегі сіңген азаматтарға университеттің «Құрметті профессоры» атағын беру дәстүрге айналған. Осындай №1 диплом Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа, №2 диплом Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалға, №3 диплом Сүлеймен Демирелге зор қошемет үстінде ұсынылып, «Құрметті профессор» атағы берілді. Тұрғыт Өзалға болашақ университет қалашығының құрылыс жобасы қатты ұнады. Қос елдің Президенттері Халықаралық университетіміздің жобасын да анықтап берді. Сол күндер есіме түскенде жүрегім ерекше күйге толып, толқимын. Екі ел арасындағы келісім-шартқа сәйкес университетті сол алғашқы кезден бастап Үкіметаралық Өкілетті Кеңес басқарады. Оның сол кездегі төрағасы менің досым, Түркия Республикасының Мемлекет министрі Намык Кемал Зейбек болды. Дәл қазіргі жағдайда, кезінде шаңға оранған Түркістанның қақ ортасында күмбезі көкпен таласып, еңсесі асқақ көрініп, өзін әлемге мойындата бастаған университеттің өсіп өркендеуі, материалдық-техникалық базасының нығая түсуі, Түркия Республикасы тарапынан, Өкілетті кеңес тарапынан беріліп отырған нақты көмектің арқасында, сонымен коса, менен кейін университетті басқарып келе жатқан басшылардың ерен еңбегінің арқасы, оқытушы-профессорлардың жеткен жетістіктерінің нәтижесі дер едім. Бүгінде университеттегі түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы жолында кезінде жасалған алғышарттар нәтижесінде бүкіл түркі дүниесінен, Түркиядан, Монғолиядан, Қытайдан, Египеттен, Пәкістаннан, Өзбекстан мен Қырғызстаннан, Америка Құрама Штаттарынан келіп оқып жатқан студенттерді көріп көзің тояды, олардың өзара ынтымағына көңілің сүйсінеді. Кезінде Қазақстанның жоғары оқу орындарынан ғылыми атағы бар оқытушы-профессорлар құрамын шақыруға мәжбүр болсақ, бүгінде бұл оқу ордасының ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейде екендігіне риза болып, негізін өзім қалаған, жер кіндігі, қасиетті Түркістаннан бой көтерген «Қожа Ахмет Ясауи бабамның атындағы университетім – менің мақтанышым» дегім келеді.

## *Студенттер асханасы*



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ







Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан мен Түркия арасындағы үкіметаралық келісімнің негізінде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке бастамасымен құрылған. Университеттің Үкіметаралық өкілетті кеңесі жоғары басқару мүшесі болып табылады. 2001 жылдан бастап кеңес шешімі бойынша Университеттің бөлігі ретінде ТүрТЕР-Қашықтықтан білім беру орталығы жұмыс істейді. Ол орталық Анкара қаласында орналасқан және білім беру бағдарламаларының 3 деңгейін жүзеге асырады: колледж-бакалавриат-магистратура. Тур ТЕП-тің ашылуы Түрік Республикасының жоғары білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беруді жаппай дамытудың резонансы болды. Бүгінгі таңда Тур ТЕП – жетекші түрік университеттерінің арасында онлайн білім беру саласындағы көшбасшысына айналған. Тур ТЕП-тің халықаралық қашықтықтан оқытудың бірегей 15-жылдық тәжірибесін ескере отырып, 2016 жылдың қаңтар айында Өкілетті Кеңеспен қаржыландырылатын Каз ТЕП Қашықтықтан білім беру бағдарламасы бойынша магистрлерді дайындайды.

МАГИСТРАТУРАНЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Мақсаты: экономикалық білімге негізделген индустрия секторларында зерттеулер жүргізу, микро-макро ортада талдаулар жасау, орта және шағын бизнес аймағында экономикалық білімі бар магистрлерді дайындау. Мақсатты аудитория: Жалпы кәсіпкерлік қызметке негізделген кез келген дерлік сферадағы (және т.б. биология, экология, байланыс) білім бакалавры. Алайда, бұл магистратурада микро-макроэкономиканың кейбір курстары мен экономиканың негізгі принциптерін оқуды қамтиды.

КОМПЬЮТЕРЛІК ИНЖЕНЕРИЯ

Мақсаты: Компьютерлік инженерия саласында жоғарғы білімнен кейінгі білім беру. Ақпараттық технология аясында бизнес-дағдыларын терең меңгеру. Мақсатты аудитория: Түрлі ұйымдар мен мекемелердің АТ құрылымдарда басқару қызметінің дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігін алатын жоғары білімі бар талапкерлер.

КӘСІПКЕРЛІК ҚҰҚЫҚ

Мақсаты: Магистратура деңгейінде кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу саласындағы мамандарды даярлау. Мақсатты аудитория: Жалпы кәсіпкерлік қызметке негізделген кез келген дерлік сферадағы (және т.б. биология, экология, байланыс) білім бакалавры. Алайда, бұл құқық, азаматтық құқық теориясы секілді кейбір курстарын магистратураның басында оқуды қамтиды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ

Мақсаты: Денсаулық сақтау саласындағы дәлелді кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін кең ауқымды мамандарды дайындау болып табылады. Мақсатты аудитория: Меншіктің барлық нысандарын медициналық мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары: бүгінгі таңда экономика және менеджмент қайта даярлауға мұқтаж. Орта буын басшылары, бөлім басшылары, жоғары, бірақ медициналық емес білімі бар, денсаулық сақтау ұйымдарында басшылық лауазымды атқаруға ниетті мамандар.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ

Мақсаты: Білім беру қызметі саласындағы басшылық лауазымдарда кәсіби қызметкерлердің сәйкес қол жеткізуді қамтамасыз ету. Мақсатты аудитория: Жоғары білімі бар адам білім беру орталығын ашқанда немесе білім беру ұйымдарында кәсіби өскенде (ЖОО, мектепте, оқалту және бейімдеу орталығы) бірақ білімі педагогикалық емес жағдайда, мақсатты және саналы түрде үйренуге және алынған білімді тәжірибеде қолдану ұғымдарын негіздеуі мүмкін.

Каз ТЕП-те ОНЛАЙН ОҚУ

*Білім нарығында 25 жыл; *5 инновациялық білім беру бағдарламалары; *Оқу үдерісін ұйымдастыруда халықаралық стандарттар; *ЖОО-ның үздік жетекші оқытушыларының шоғырлануы; *Оқытудың онлайн режимі; *1,5 жылдан 5 жылға дейін жеке оқыту кестесі; *Авторлық қашықтықтан оқыту курстары; *Озат тәжірибешілердің вебинарлары; *Интерактивті оқыту әдістері; *Өмірдегі тәжірибелік кейтер мен жобалар


**ОРАЗАЛЫ СӘБДЕН,**

**университет ректоры (2001-2003 ж.ж.)**
**экономика ғылымдарының докторы, профессор,**
**ҚР ҰҒА академигі:**

# ТҮРКІ ӘЛЕМІ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНА - ШИРЕК ҒАСЫР



Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен ашылған университетке басшылық етіп, талай белгілі ғалымдар қызмет атқарды. Олар академик Мұрат Жұрынов, Серік Піралиев, Лесбек Тәшімов. Әрқайсысы шамасы келгенше университеттің өркендеуіне із қалдыруға тырысты. Қазіргі университет президенті, профессор Уәлихан Әбдібековтің де іргелі істердің ұйытқысы болып жүргенін көріп отырмыз. Солардың бірі ретінде мен де 2001-2003 оқу жылдары арасында, университет президенті болдым. Университетте ұжыммен бірге «Сапалы даму концепциясын» жасап, біраз инновациялық жобаларды іске қостық. Университет жанынан Ғылыми Орталық құрылып, оның құрамына 3 ғылыми зерттеу институты мен 2 ақпараттық орталығы бар институт кіргізілді. Олар: «Түркі тілдерін зерттейтін» ғылыми институт, «Қазақ-түрік елдері экономикасын дамыту» институты, «Экология» проблемаларын ғылыми тұрғыда зерттеу институты, «Аспирантура» институты, «Археология» ғылыми-зерттеу орталығы. «Археология» ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдардың күшімен, университет тарапынан материалдық қолдау жасалуының арқасында, көне тарихи деректерге бай Түркістан қаласының аумағында қазба жұмыстарын жүргізіп, V-VII ғасырларда өмір сүрген Қарашық және Түлкібас ауданында Шарапкент қалаларының орны табылды. Сонымен қатар, университетте Оңтүстік және Батыс Қазақстан аймағында экономика саласындағы кандидаттық және докторлық диссертация қорғау Ғылыми кеңесі тұңғыш рет ашылды. 2002-2003 оқу жылында түрік елінің қаржыландыруымен аталған аспирантура институтында 250 жас маманға ғылыми-ізденіс жұмыстарымен толыққанды дәрежеде айналысу мүмкіншілігі туды. Талай халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. 2002-2003 оқу жылы университетке Түркия тарапынан қомақты қаржы бөлінуіне жобалар жасалынып, қол жеткізіліп, еліміздің мектеп бітірген 2828 түлегі республикалық бюджеттен тыс тегін оқуға қабылданды. Бұл бұрын-соңды болмаған жаңалық еді. Бұдан бөлек, университетте өз қаржысы есебінен кредитпен оқуға көптеген орын бөлінді. Ауылшаруашылығы мамандарын даярлау мақсатында университет жанынан Кентау қаласында «Биотехника және агроинженерия колледжі» ашылды. Онда 140 оқушы тегін білім алды. Университеттің жеке қосалқы шаруашылығында экологиялық таза өнімдер өндіру арқылы студенттердің бір бөлігін әлеуметтік жағынан қорғау қолға алынып, күніне 700 астам студентке тегін тамақ берілді. Профессорлар мен доценттердің, бүкіл оқытушылар қауымының студенттерге беретін білім сапасы рейтингтік жүйеге сәйкес бағаланып, олардың алатын жалақысының мөлшері көтерілді. Университет тара-




РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## Біздің түлек

**С. СЕЙІТМАН, 2003 жылғы түлек, ақын:**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін сүйікті Отанымыздан бөліп қарауға болмайды. Өйткені, бұл білім-ғылым ордасы – Ел Тәуелсіздігінің жемісі! Тәуелсіздік алған заматта, Халықаралық болып құрылған университет Еліміздің сан саласына сан мың маман даярлап беріп, ол мамандар елдің көркеюі мен өркендеуіне өздерінің өлшеусіз үлестерін қосып жатыр. Сондықтан, бүгінде осы шаңырақтың түлектерінсіз ел өмірін көзге елестету мүмкін емес. Біз студент кезімізде қызық қуған емес, арман қуған жастар болдық. «Қызық орға, арман өрге тартады» дегенді басшылыққа алдық.



пынан математика және шетел тілдерін терең оқытатын «Түркістан және Түркібасы» атты 2 лицей ашылды. Түркістан лицейі 2004-2005 оқу жылындағы тестілеу қорытындысында орта есеппен 103,5 балл жинап, еліміздің ең үздік алты орта оқу орындары қатарынан көрінді. Ал, бір мектеп бітіруші, мүмкін болған 120 баллдан 120 балл жинап, ең жоғары көрсеткішке ие болды. 2500 студентке лайықталған бас оқу ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді, т.б. Университет мәдениет орталығында әлемге әйгілі суретші Е.Төлепбаевтың тікелей басшылық етуімен және де біздің университет суретшілерінің еңбегімен бір жыл көлемінде «Түрік халықтары тарихының мұражайы» кескіндеме ретінде ашылды. Қытайдан Қытай династиясы, Орталық Азияның 5 мың жылдық тарихы бар, көне кітапханасынан кітаптар алынып, Ежелгі Түрік қағанаты тарихының мұражайы жасалды. Сол мұражай алдында 2002 жылы аты әлемге белгілі Түркі дүниесінің екі сом тұлғасының бюсті қойылды. Олар: тұңғыш Түркия мемлекетін орнатушы Кемал-Паша Ататүрік және Қазақстанның тұңғыш Президенті, «Еуразиялық интеграция» идеясының авторы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Университеттің ұйытқы болуымен 2002 жылы қазан айы 17-19 жұлдыздары аралығында Түркістанда дүниежүзі қазақтарының «Жер шарының түпкір-түпкірінен тарыдай шашыраған қазақ» атты Халықаралық екінші құрылтайы өтіп, халықтың бірлігі нығайып, елге оралып, көк байрақ астына топтасуына игі әсерін тигізді. Университеттің 10 жылдығы ҚР Президентінің рұқсатымен тұңғыш рет Астананың «Конгресс-Холлында» Түркия Премьер министрі Р.Ердоған бастаған делегацияның және ҚР Президент әкімшілігі, Өкімет мүшелері, Парламент депутаттарының қатысуымен үлкен іс-шара өтті. Міне, бұл екі жыл ішінде университетте атқарылған ауқымды істердің тек негізгі, қомақтылары ғана. Бұл менің өмірімдегі ең тыным таппай, күні-түні қызмет еткен бақытты күндерім десем артық болмас. Сол уақыттарда менімен қызметтес болған, университет дамуына үлес қосқан ұстаздарға, әріптестеріме ризашылығымды білдіремін. Олар: академик марқұм Р.Бердібаев, М.Мырзахметов, К.Кулекеев, А.Ювалы, С.Хизметли, В.Екин, О.Балабеков, Л.Ташимов, Ө.Мәдиев, Ш.Ибраев, М.Курманалиев, Д.Қыдырәлі, Т.Раимбердиев, А.Аширов, И.Байдаулетов С.Мәдуанов, М.Елеуов, А.Абуов, А.Қалдыбаев, М.Алтаев, Б.Мырзалиев, тағы басқалар. Университетте өткен өмірді осылай еске ала отырып, мен бүкіл ұжымды, ұстаздар мен студенттерді, оның ішінде шетелден келген қандастарымызды, университеттің ширек ғасырлық торқалы тойымен шын жүректен құттықтап, үлкен шығармашылық табыс тілеймін! Ал университеттің қазіргі ректоры, белгілі ғалым Уалихан Әбдібековке осы алған эстафетаны берік ұстап, одан әрі қарай университет рейтингісін жоғары көтеріп, екі ірі бауырлас мемлекет Қазақстан мен Түркияның халықаралық деңгейде мәртебесін арттырады деген сенімдемін.

*Медицина факультетінің кампусы*



**СЕРІК ПІРӘЛИЕВ,**


**университет ректоры (2003-2008 ж.ж.)**
**педагогика ғылымдарының докторы, профессор,**
**ҚР ҰҒА академигі:**

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

# ЕЛІМІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ



Әне-міне дегенше еліміздің Тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан асты. Осы аз ғана мерзімде аяғын тәй-тәй басқан қазақ елі талай соқтықпалы, соқпақты жолдардан өтті. Біздің мемлекетіміз ата-бабаларымыз аңсаған, сол жолда «елім» деп еңіреген талай боздақтың қаны төгіліп, бесік тербеткен талай ананың көз жасына айналып, арман болған Тәуелсіздікке шындап қол жеткізді. Осы егемендігіміздің ғұмыры ұзақ болып, мемлекетімізде келешек ұрпағымыз ұйқысынан тек қана жадырап, күлімдеп ояну үшін жанқиярлық небір жақсы тірліктер жасалды. «Алтын кездік қын түбінде жатпас» деп дана халқымыз айтқандай, азаттықтың таңы атқан күннен бастап, Елбасымыз елімізде ғылым мен білімді өркендетіп, білімді жастардың қатарын ұлғайту жолында көптеген жоғары оқу орындарын ашып, институт деңгейіндегі көптеген оқу орындарының университет мәртебесін алуына ықпал жасады. Ұлт көшбасшысы ретінде Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен еліміздің рухани астанасы – киелі Түркістан қаласында тұңғыш рет университеттің ашылуы да жәдігер қалаға деген үлкен құрметтің белгісі. Алғашында, Түркістан Мемлекеттік университеті болып іргетасы қаланған бұл оқу орны Елбасының көреген саясатымен кешегі 70 жыл бойы бір-біріне жат болып, арасы ажырап қалған бауырлас түркі халықтарының басын қайта біріктіру мақсатында Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды. Ғылым мен білімді өзара бөлісіп қана қоймай, қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан ата-баба сыйластығын қайта жаңғыртып, ұлттық дәстүрлеріміздің қайта жанданып дамуы үшін сонау Түркия мен Қазақстан арасына білімнен алтын көпір салудың өзі аса бір көрегенділікті, еліне, ұлтына деген жанашырлықты байқатады. Бұл университетке түркі халықтарының ортақ перзенті Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атын берудің өзі бір-бірімізді қайта жақындатқандай. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуына тікелей куә болғандардың бірі мен едім. Ол кезде (1988 1995 ж.) мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Шетелдік оқушылармен жұмыс және шетелдермен байланыс жөніндегі бөлімінің», сондай-ақ «Халықаралық байланыстар басқармасының» бастығы болып қызмет істеп жүрдім. Министріміз белгілі қоғам қайраткері Шайсұлтан Шаяхметов болатын. Бір күні Шәкең Елбасының қабылдауында ұзақ отырып,







Министрлікке келген соң басқарма, бөлім басшыларын жинап алып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен болған әңгімені ортаға салды. -Нұрсұлтан Әбішұлы Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзал мырзамен Қазақстанда қазақ-түрік университетін ашу туралы ой бөлісіпті. Бұл ұсынысты Түркия жағы қуана қолдаған көрінеді. Енді бұл оқу орнын қай қалада ашамыз деген сауал туындап тұр. Мен ерТүріктің бесігі болған Түркістан қаласы лайық екенін айттым. Нұрекең де осы ойды қолдады. Ал енді Түркістаннан университет ашуға байланысты ұйымдастырушылық шараларына кірісейік,- деді министр Ш.Шаяхметов. Алғашында «бұл университетті Шымкент қаласынан ашу керек, алақандай Түркістанға университеттің қажеті қанша, бұл жерге кім келеді?!» – деп күмән тудырған сұрақтар да қойылып жатты. -Шымкентте жоғары оқу орындары баршылық. Алайда Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының шалғай аудандарынан мынадай аумалы-төкпелі кезеңде балалардың Шымкентке барып оқуы да оңай емес. Егер Түркістанда университет ашылатын болса, сол маңнан барып оқитындар аз болмауы керек,- деп министр өз ойын дәлелдеп берді. Осы жиналыста Ш.Шаяхметұлы министрліктің тиісті басқармалары мен бөлімдерінің басшыларына ұйымдастыру шараларын даярлауға және оны тез арада жүзеге асыруға тапсырма берді. Министрліктің қызметкерлері Түркістанға аттанды. Болашақ университетке лайықты ғимарат, материалдық база және профессор-оқытушылар керек дегендей, жұмыс жетерлік. Барды жоқ қылу оңай, ал жоқтан бар жасау қиынның қиыны. Ал, ең бастысы, университет ашып алған соң «дәрісхана залдарын студенттермен толтыра аламыз ба, қандай мамандықтар ашу керек» деген сияқты мың-сан сұрақ министрді ғана емес, министрліктің басқарма басшыларын да толғандырды. Ол кезде мен министрліктің «Халықаралық байланыс басқармасын» басқаратындықтан, бұл шаруа маған да салмағын аз салған жоқ. Министр жиі-жиі шақырып ақылдасады. Түркістанға барып көзбен көріп келген жайларды ортаға саламыз. Өз пікірімізбен бөлісеміз. Шайсұлтан Шаяхметұлы осынау ұсыныс-пікір, өзекті мәселелерді қорытып, республиканың бірінші басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен кеңесуге кетеді. Бір күні ол Елбасы қабылдауынан өте көңілді оралды. -Жігіттер, құдай бұйыртса ісіміз алға басқалы тұр,–деді министр. Нұрсұлтан Әбішұлы Түркия Республикасының Президентімен сөйлесіп, мәселені түбегейлі шешіп берді. Қаржы мен материалдық-техникалық жабдықтау мәселесіне түрік ағайындар көмектесіп, ал біз өз тарапымыздан қолдан келер шараларды атқаруымыз керек». Түркия Республикасы Білім және ғылым министрлігімен күн сайын хабарласып отырамыз. Анкараға да талай-талай ат сабылттық... Сонымен 1991 жылы Түркістан қаласында университет өмірге келді. Алайда алғашқы жылы халық бұл оқу орнының болашағына сене қоймады. Балаларын бұрынғы оқу орындарына жіберіп жатты. Сондықтан, келер жылы оқу орнының мәртебесін көтеріп, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атауға шешім қабылданды. Бұл шынында да еліміздегі тұңғыш Халықаралық университет болатын. Бұл оқу орны, екі ел арасындағы бауырластық, мәдени рухани байланысты нығайтудың қайнар көзі болды. Бұл - бір. Екіншіден, халықаралық университеттің қаржы-қаражат мәселесінің бір бөлігін Түркия мемлекеті өз мойнына алды. Бұл да қиын-қыстау заманда біз үшін үлкен игілікті іс болды.


Қысқасы, Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өмірге келуі еліміздің қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі елеулі оқиға болды. Университет шын мәнінде, көне Түркістанның тұла бойына қан жүгіртіп, оның халықаралық беделін аспандата түсті. Жаңа ғимараттардың бой көтеруі қаланың көркіне көрік қосты. Сонымен қатар, кешегі КСРО–ның ызғарлы саясатының кесірінен туған жерінен ауып, бас сауғалап көшіп кеткен талай қандасымыздың бауырлас түркі елінен туған елге жөңкіліп, ағыла көше бастауына да себеп болды. Сонау Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары киелі Түркістан шаһарында бой көтерген оқу орны талай дарынды жастарды тәрбиелеп, киелі Түркістан топырағына аяқ басқан қандастарымызға туған елдің мәдениеті мен ғылымын бойына сіңіріп, өз ұясынан қанаттандырып ұшырып келеді. Бүгінгі таңда еліміздің түрлі салаларында қызмет атқарып жүрген білімді жастарымыздың қатарында осы университеттің түлектері де бар. Университет халықаралық келісімге сәйкес, Түркия және Қазақстан Үкіметтері тарапынан жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер арасынан тағайындалған 10 мүшеден құрылған Өкілетті Кеңес тарапынан басқарылады. 1999-2003 жылдар аралығында Қыздар Мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарып, ел сенімін ақтаған соң маған тағы да бір жаңа міндетті жүктеді. Ол осы жоғарыда айтылып отырғын оқу орнын басқару жауапкершілігі еді. Еңбек еткен жылдарымда, «Түркістанды түркі дүниесінің рухани астанасына Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық университеті айналдырады» деген Президент сөзін басшылыққа алып және Ұлт көшбасшысының маған деген сенімін ақтау үшін барымды салып қызмет еттім деп ойлаймын. Тынбай еңбек етіп, киелі Түркістан қаласындағы бұл университетті тек елімізге ғана емес, иісі түркі баласына танымал білім ордасына айналдырсам деген арманмен өзіме биік мақсат қойдым. Әрине, дана халқымыздың «Шын жыласаң соқыр көзден жас шығар» деген ұлағатты сөзі бар. Бұл алға қойған мақсатқа жету оңай болған жоқ. Бірақ тынымсыз еңбек пен ауызбіршіліктің арқасында университет республиканың басқа да жоғары оқу орындарының арасында жақсы сапалық көрсеткіштерге ие бола бастады. Профессор-оқытушылар құрамына ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға жағдай жасадық. Сонымен қатар оқытушы-профессорлардың, қызметкерлердің өнімді еңбек етуіне қажетті тұрмыстық жағдай жасау мақсатында университет қалашығынан жер бөліп, екі қабатты коттеджден тұратын тұрғын үй кешені, студенттер қалашығынан спорт кешендері мен Мәдениет сарайы бой көтерді. «Университет – қала көркі, шаһардың рухани діңгегі, біздің университет халықаралық өреде түркітану іліміне көшбасшылық жасауы керек»,- дегенді мақсат тұттым. Бұл менің басшы ретіндегі, жай қиялым болып қалған жоқ, ойдағыдай жүзеге асқан игілікті іс болды. Университетте көрнекті ғалым «Бейсенбай Кенжебайұлының түркітану мұражайын» дүниеге келтірдік және «Түркі тілдес халықтар кітапханасын» аштық. Бұл кітапханада 22 түрік тілді елдердің кітаптары жинақталды. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрік университетінде Түркия, Англия, АҚШ, Қытай, Венгрия сияқты мемлекеттердің университеттерімен байланыс жолға қойылды. Мұның бәрі келешек ұрпақ үшін жасалған игі қадамдар еді. Университетте АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Ресей және Түркияның алдыңғы қатарлы университеттерінің профессорлары студенттерге дәріс оқуда. Жаһандық заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бойынша, бүгінде университет алдыңғы орындардан көрініп жүргені, әрине, бізді қуантады. Сыртта жүрсем де, бір кездері өзім еңбек еткен осынау университеттің бүгінгі таңдағы жеткен жетістігіне іштей қуанып отырамын. Еліміздің Тәуелсіздігімен құрдас бұл оқу орны киелі Түркістан қаласының ғана емес, «Мәңгілік Елдің» алтын бесігі болып, сонау түркі халықтарының басын біріктіретін «Алтын ұяға» айналуына шын жүрегіммен тілек қосамын.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

**Біздің түлек**

**Д. КЕНЖЕТАЙ, 1996 жылғы түлек, ф-т.ғ.д., профессор:**

Қайда жүрсем де, өзімді осы «Қожа Ахмет Ясауи университетінің студенті» ретінде сезінемін. Университеттің алғашқы ректоры, академик М.Жұрыновтың ректорлықтан бұрын идеолог, ұстаздық қызметі алға шығатын. Ел болу, тарихқа үңілу, тәуелсіздік, жастардың ел болашағы екендігі, ғылымы мен білімінің ертеңгі ел үшін жасалып жатқандығы туралы айтудан жалықпайтын. Әр мәжілісте осы бір тақырып қайталанып жатса да, Жұрыновтың аузынан әрдайым жаңаша естілетін. Бұл оның ұстаздығы, шыншылдығы мен шынайылығының, сонымен қатар, ұлы тұлға екендігінің көрінісі болатын. Сосын М.Жұрыновты қыруар жұмыс күтіп тұрса да, жастарға деген көзқарасы мен көңілі ерекше болатын. Оларды білімде, өнерде, спортта өзара жарысуға итермелейтін.




РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**ЛЕСБЕК ТӘШІМОВ,**

**университет ректоры (2008-2013 ж.ж.) ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі:**

# ТҮРКІ ӘЛЕМІ БІРЛІГІНІҢ алтын діңгегі




Шымкент қаласындағы «Мұғалімдер даярлайтын институт» алғаш 1937 жылы ашылып, 1954 жылы «Шымкент педагогикалық институты» болып қайта құрылды. Еліміз егемендігін алған тұста, киелі мекен Түркістан қаласында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті құрылып, 1993 жылы Шымкент педагогикалық институты ҚР үкіметінің қаулысымен сол аталмыш оқу орнының құрамына енген болатын. Университеттің құлашын кең жаюына сол жылдардағы Шымкент, Тараз, Кентау қалаларындағы филиалдарының ашылуы, сонымен қатар бірнеше ғылыми-зерттеу институттарының құрылуы себеп болды. Университет қабырғасындағы еңбек жолымды мен Шымкент қаласындағы институтында бастадым. Университеттің алғашқы президенті Жұрынов Мұрат Жұрынұлының ұсынысымен Шымкент институтының директоры қызметін біршама жылдар атқардым. 2008-2013 оқу жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті болдым. Тәуелсіздікпен құрдас бұл оқу орны талай дарынды жастарды тәрбиелеп, киелі Түркістан топырағына аяқ басқан түбі бір туыс қандастарымызға туған елдің мәдениеті мен ғылымын бойына сіңіріп, қанаттандырды. Бүгінгі таңда еліміздің түрлі салаларында қызмет атқарып жүрген білімді жастарымыздың қатарында осы университеттің түлектері де көптеп кездеседі. Университет басшысы бола жүріп, оқу орнының мейлінше көркеюіне, дамуына, халықаралық аренада өзіндік орнын қалыптастыруына атсалыстым. Университетінің негізгі құжаты болып саналатын Жарғысы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасында 1993 жылдың 30 маусымында бекітілген. Арада біршама уақыт өткеннен соң 2009 жылы 22 қазанда ҚР Үкіметі мен ТР Үкіметі арасында екіжақты қол қойылып, екі елдің Парламентінде бекітілген соң, 28 наурыз 2012 жылы күшіне енген «Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметінің шарттары туралы» келісім негізінде университеттің дербес әрі халықаралық мәртебесі екі ел үкіметінде бекітілді. Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қою арқылы білім берудің әлемдік кеңістігіне енудің қадамдары жасалды. Болон Декларациясының талаптарына сәйкес университет құрылымына бірсыпыра өзгерістер енгізілді. Білім мен ғылым ошағында Елбасымыз ұсынған білім беру реформалары аясында ғылым мен тәжірибенің бірлігі, ең озық инновациялық технологияларды, ақпараттық және есептеу техникаларын енгізу жүзеге асырылды. Әлі есімде, сол күндегі бауырлас екі халықтың көшбасшыларының ыстық ықылас, зор қуанышпен университет табалдырығын аттағаны. 2010 жылдың 25-мамырында Түркия Республикасының Президенті Абдуллах Гүл мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев арнайы іс-сапармен келді. Сапар барысында екі ел Президенті мен қонақтар университет қалашығының макетімен, содан соң клиникалық-диагностикалық орталықтың бөлімдері, биохимия лабораториясы және операциялық блоктармен бейнесалон арқылы таныстырылды. Н.Назарбаев пен А.Гүл жаңадан құрылысы басталатын жалпы ауданы 24827 шаршы метрді құрайтын 1850 студентке арналған оқу ғимаратының, 400 мың кітап қорына лайықталған кітапхананың іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Содан соң Қазақстан Республикасы тарапынан салынып біткен әкімшілік бас ғимаратты аралап көрді. Мәртебелі меймандарымызға арналған жүздесуді жүргізіп, Түркістандағы Халықаралық университеттің Елбасының қолдауы арқасында 14 мемлекеттен студенттер келіп оқитын дара



халықаралық университетке айналған тарихын баяндадым. Сол кездегі Елбасымыздың: «Түгел түркінің тәу етер төрі болған Түркістанның ортақ тарихымызда алар орны айрықша» деген сөздері киелі мекен Түркістанның рухын одан сайын биіктетіп, асқақтатқанын ұмытпаймын. Жастарға сапалы білім беру үшін материалдық базаның орны ерекше. Осы орайда, университеттің бір артықшылығы – материалдық базасы халықаралық стандартқа толықтай сай екендігін айтып өткім келеді. Европа елдерінен, Германиядан келген зертханалық заттар Қазақстандағы ешбір жоғары оқу орнында жоқ. Барлық назарды сапалы білімге аудара отырып, химия, физика, биология, медицина, электрохимия, автоматтандыру зертханаларын соңғы жабдықтармен жабдықтап, білімгерлерге барынша жағдай жасауға ықпал еттім. Оқу орнының атын әлемге тек білімді жастар ғана паш етпейді, өнерімен, спорттағы жетістігімен университетіміздің мерейін үстем ететін дарынды жастар болады. Дарынды жастарға қамқорлығымызды көрсетіп, барынша жағдай жасап, біліммен қатар өнерін де, спорттағы жетістігін де көрсетуге қолдау білдірдім. Осында білім алған студенттер Алтынай Жорабаева – «Азия дауысы» халықаралық ән фестивалінің «Алтын домбыра» жүлдесінің иегері және Нұрғали Тұрлыбеков, Молдияр Ергөбеков, Әлден Жақсыбеков сынды жас талантты әншілер, «Ұлан» тобы – «Жас қанат» ән байқауының жеңімпаздары. Эстрадалық ән номинациясы бойынша бас жүлде иегері Нұржан Қалжанов («Жас қанат» ән байқауының бас жүлдесінің иегері) пен «Бисұлтан» би тобы – «Шабыт» халықаралық фестивалінің лауреаттары. Бекарыс Шойбеков, Маржан Есжанова, Ақмарал Леубаева, Анар Жаппарқұлова – республикалық ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпаздары, университеттің мақтанышты болып саналады. Университетіміздің студенттері арасынан шыққан 29 ұлт пен ұлыс өкілдерінен құралған «Достық» би ансамблі – құрылған күннен бері Қазақстан көлемінде және шет мемлекеттерде өнер көрсетіп келе жатқан елуге тарта мүшесі бар танымал топ болды. Бұл ән-би тобының өзгешелігі – сахнаға лайықталған халық биін сол халықтың өзінен шыққан студенттердің орындауында. Олар концерттік қойылымдарымен Түркия Республикасының бірнеше университеттерінде болып, көрермендердің ерекше лебізіне бөленіп қайтты. Осы орайда, басшылық қызметтегі кездерімде университеттің ғылыми әлеуетін көтеруде біршама үлес қосқан ғылыми кеңестердің жұмысын айтқым келеді. Д 14.61.35 – «Педагогика» мамандықтары бойынша, Д14.61.15 – «Экономика» мамандықтары бойынша, Д 09.09.02 – «Медицина» мамандықтары бойынша жұмыс жасаған диссертациялық Кеңестерде еліміздің ғылымы мен біліміне елеулі үлес қосқан ғылыми-зерттеу жұмыстары қорғалды. Олардың біршамасы осы университет қабырғасында жемісті еңбек етіп келеді. Білімді жас – ертеңгі ел тірегі. Қазақ халқында “Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады” деген ұлағатты сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, сонымен қатар аса зор өндіруші күш екендігі белгілі. Бүгінде еліміздегі осындай үлкен өндіргіш күшке, ғылым білімнің ордалы ортасына айналып отырған жоғары оқу орындарының бірі – Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті екені рас. Рухани астанаға университет қалашығы мен мәдениет орталығы көрікті кескін-келбет сыйлап, көне қалаға әр беріп тұр. Түркі әлемінің екі үлкен мемлекеті бірлесе отырып, жас ұрпаққа осындай тамаша, ерекше келбеттегі білім ордасын тарту етті. Ендеше, «Халықаралық мәртебесі бар университет болашақта ел тізгінін ұстайтын сапалы мамандар санын арттыра берсін!» деп тілеймін.





**Біздің түлек**

**С. РЕМЕТОВ, 2003 жылғы түлек. ҚР Парламенті Мәжілісі аппаратының бас эксперті:**

Қазіргі таңда білім аламын деген ізденушілерге мол мүмкіндіктер жетерлік, кітапханадағы кітаптар саны едәуір артқан. Біз білім алған жылдары ғылыми конференцияларға дайындалу үшін, дипломдық жұмысты жазу үшін Алматы қаласындағы ұлттық кітапханаға баруға мәжбүр едік, ғалымдардың өздерімен тілдесу біз үшін ғанибет еді, интернеттің өзі қолжетімді емес еді, оның ішінде қазақ тілді сайттар тіпті жоқ еді. Қазіргі таңда мүмкіншіліктер мол, қазақ тілді сайттар деген толып жатыр, кітапханалар кітаптарға толы, университеттің ғылыми әлеуеті едәуір артып, ғалымдар қатары толыққан. Зерттеу жұмыстарын университет қабырғасында атқаруға да мол мүмкіншіліктер қарастырылған.



**Уәлихан ӘБДІБЕКОВ,**
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, профессор**

# АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

## БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ БЕСІГІ



Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылғы 17 сәуірде еліміздің бас басылымы – «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рухани өсіп-өркендеуіміз бен кемелденуіміздің айқын бағдарламасы ретінде қабылданды. Елбасы жазғандай, «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісіміздің озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады». Сондықтан кемел ойлы Мемлекет басшысы әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылуға бағытталған айқын мақсат жолындағы біртұтас қуатты ел болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай көтеретініміз туралы ой-пікірлері мен көзқарастарын ортаға салуды жөн көрген.

Бұл мақаланы көзі қарақты, көкірегі ояу әрбір жанның оқуы керек. Жан-жүрегімен терең түйсініп, әлденеше рет қарап шыққаны жөн. Өз ұлтын сүйген, елін-жерін аялайтын жан осылай етсе керек деп ойлаймыз. Олай дейтініміз, Мемлекет басшысы еңбегінің басты идеясы – еліміздің рухани тұғырын негіздей түсу.

Президент мақаласында білімге айрықша назар аударады. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек, - дейді Мемлекет Басшысы. – Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Тәуелсіздік жылдарында елімізде білім-ғылым саласына барынша мән беріліп, жан-жақты жағдай жасалуда. Мұның жарқын дәлелдерін жүздеп келтіруге болады. Осы ретте бір ғана мысал келтіре кетейік. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылғы 6 маусымда бұрын аудан орталығы болып келген шағын қалада Түркістан Мемлекеттік университетінің ашылып, оған ұлы ақын және ойшыл, алғашқы түрік ислам сопысы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімі берілуі күллі түркі дүниесінде тарихи оқиға еді. Келесі жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Келісім бойынша Түркістан Мемлекеттік университеті түркі дүниесіндегі тұңғыш Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесіне ие болды. Содан бері арадан жиырма бес жылдан астам уақыт өтті. Халықаралық білім ордасы Орта Азиядағы іргелі оқу орындарының бірі саналады. Қазірге дейін оқу орнын 75 мыңға жуық жастар бітіріп шықты. Олар елімізде және шетелдерде өндіріс, білім, бизнес секілді қызметтің көптеген өзекті салаларында жүр.

Қазіргі таңда университетте бәсекеге қабілетті болу мақсатымен



халықаралық деңгейдегі білім беру бағдарламалары жасалуда: бұларда, ең бастысы, бакалавр және магистрлік бағдарламалар санын көбейту, білім беру сапасын арттыра түсу, материалдық-техникалық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды одан әрі дамыта түсу көзделуде.

Негізгі ғылыми бағыттар медицина, жаратылыстану, филология, гуманитарлық, әлеуметтік, инженерлік және ақпараттық технологиялар салаларында жүзеге асырылып келеді.

Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – терең білімді, іс-тәжірибесін жүзеге асыруға қабілетті білікті маман даярлау. Киелі топырақта бой көтерген білім ордасы Италияның Болон университетінде үдерістің негізі болып қаланған университеттердің Ұлы Хартиясына қосылып білім берудің әлемдік кеңістігіне енді. Болон декларациясының талаптарына сәйкес құрылымға бірсыпыра өзгерістер енгізіліп, жаңа стратегиялық бағыттар белгіленді.

Осыдан үш жыл бұрын университет президенті Орталық Азия мен Қазақстандағы жоғары оқу орындары ішінен республикада екінші болып халықаралық университеттер ректорлары қауымдастығына (International Association of University Presidents (IAUP)) қабылданды. Осылайша Халықаралық оқу орны әлемдегі ЖОО-мен еркін түрде қарым-қатынас орнатып, өзара тәжірибе алмасып отыруға қол жеткізді.

Оқу орнының білім беру жүйесіндегі сан қырлы жетістіктері әлем университеттерінің «гринметрик» рейтингінде жақсы нәтиже берді. Сондай-ақ 2015 жылы QS Quacquarelli Symons компаниясының зерттеуі бойынша жасалған әлемдік QS EECA рейтингіде алғаш рет «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінің тізіміне енді. Бұл біз үшін үлкен жетістік болып табылады. Ал биыл қабатынан үшінші рет рейтингтің тізімінде болып, Ресей, Болгария, Румыния, Чехия, Польша, Венгрия, Түркия, ТМД елдері университеттері ішінде үздіктер тізіміне ілінді. Білім ордасы БСҚА (НКАОКО) агенттігінің рейтингісінде де соңғы төрт жылдан бері ұдайы алға жылжып, алғашқы ондықтың ішінде келеді. Үстіміздегі жылы «Республикалық рейтинг агентігінің» (РРА) ұйымдастыруымен алғаш рет (ЖОО бас рейтингі -2017) ұйымдастырылып, оған қатысқан 50 жоғары оқу орындары арасынан 7 орынды иеленді.

Бакалавриат-магистратура-докторантура білім беру бағдарламалары рейтингі (үздік үштіктер) бағыты бойынша республика жоғары оқу орындары арасындағы байқауға оқу орнынан 19 бағдарлама ұсынылып, оның 7-еуі үздік үштіктер қатарынан орын алды. Сондай-ақ байқаудың маман дайындау бағыты бойынша институционалды рейтинг нәтижесінде 2 бағытымыз алғашқы ондыққа енді. Осы орайда айрықша жетістіктеріміздің бірі сол, таяуда студенттер білімін сырттай бағалау сынағына 35 мамандық бойынша 395 білімгер қатысып, салыстырмалы орташа нәтиже 97 ұпайдан астам болды. Осылайша жоғары нәтиже көрсеткен студенттеріміз еліміздегі 107 жоғары оқу орындары арасында үздіктер қатарынан орын алды.


Студенттің білім деңгейі оқытушының біліктілігіне тікелей байланысты. Сондықтан да оқытушыға деген талапты күшейту басты назарда. Оқу орнының халықаралық мәртебесіне сай биік талап тұрғысында болу парыз. Университет әлемдік деңгейдегі білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша да білім тарататын, тәжірибе алмасатын орталық болып табылады. Университет шетелдегі 45 жоғары оқу орнымен, сондай-ақ, «Erasmus+» бағдарламасы бойынша 5 шетелдік жоғары оқу орнымен ынтымақтастық келісім-шарттар жасаған. «Мәулана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Түркияның алдыңғы қатарлы университеттерімен, оның ішінде Хаджетепе, Гази, Эрджиес университеттерімен екіжақты келісім-шарт жасалды. Келісімдер негізінде білімгерлер 1 семестр бойы ағылшын

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

## Біздің түлек

**А. ДҮЙСЕНБІ, 1995 жылғы түлек. Ақын, «Хабар» телеарнасының редактор-сценарисі, Phd доктор:**

Біз білім алған кез - университеттің құрылған кезеңі және тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болатын. Экономикалық тоқырау. Әйтсе де, университетке Алматы, Қарағанды қалаларындағы жоғары оқу орындарының мамандары тартылды. Сондықтан, оқытушылар құрамы мықты, білім беру де сапалы болды. Бүгінгі кезеңнің сол кезеңнен айырмашылығы - оқу ордасы материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз етілген. Заманауи технологиялармен жабдықталған. Оқулықтар мен қажетті білім алу құрылғыларына барынша қол жетімді. Білімге құштар, жақсы маман болам деген адамға қашан да, қай кезеңде де жол біреу-ақ. Ол – оқу!






## Біздің түлек

**М.ҚОЖАМБЕК, 2005 жылғы түлек. «Қазақстанның жас кәсіпкерлері» қауымдастығының төрағасы:**

Жастар – еліміздің болашағы. Бақыт жолы біліммен табылатынын ескерсек, білім ордасының алдында жастарға кемелді келешекке жол ашу басты міндет болса, талапты жастың ізденіс жолындағы ерен еңбегі арқасында мол мүмкіндіктерге иелену міндеті болмақ. Осылайша, қоғамдағы қозғаушы күшке ие жастар білімі мен білігінің нәтижесінде еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қоса алады. Қасиетті Түркістан қаласында бой түзеген Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің келбетіне сүйсінбейтін жан жоқ және күн санап биіктей түскен еңсесінен жаңашылдық пен жасампаздықтың жаңғырығын айқын байқайсың, әрі еліміздің ең озық білім мен ғылым ордаларының біріне айналатынына сенемін.



және түрік тілдерінде білім алуда. Ал, «Визитинг-профессор» бағдарламасы бойынша 264 оқытушы-профессор Ұлыбритания және АҚШ-тың Оксфорд, Кэмбридж, Екзетер, Брунель, Небраска, Линкольн, Огайо, Кампус, Сафолк университеттерінен және Германия, Польша, Кипр, Болгария, Норвегия, Испания, Түркия және Ресейдің алдыңғы қатарлы университеттерінен екі апталық дәріс оқуға шақыртылды. Сонымен қатар, екіжақты келісім-шарт және «Мәулана» бағдарламасы бойынша университетіміздің оқытушы-профессорлар Түркияның Эрджиес, Ялова, Кырккале, Думлуыпынар, Сакрья, Акдениз, Коджаели, Битлис Эрен университеттерінде білім арттырып келді. Сондай-ақ, Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 400-ге жуық білімгерлер Түркия және Еуропа мемлекеттерінде, оның ішінде, Финландия, Италия, Болгария, Польша елдерінде бір семестр жоғары білімді дамыту мүмкіндігіне ие болды. Түркия, Қырғызстан және тағы басқа елдерден 245 шетелдік білімгер келіп білім алды.

Университетте қалыптасқан оқу жүйелерімен қатар білімгерлерге қашықтықтан білім беру бағдарламалары қолға алынған. Оқытушы-профессорлар озық технологияларды пайдалана отырып, жер шалғайлығына қарамай интернет технологияларының көмегімен студенттерге білім беруде. Оқуға қажетті материалдар оқу қоры жинақталған портал сайтта орналастырылған. Оқу орнының материалдық-техникалық базасы жоғары деңгейде деп нық сеніммен айтуға болады.

Ғылыми-зерттеулердің нәтижелі болуы магистранттарға, докоранттарға, ғалым-ұстаздардың қабілет-қарымы мен ізденістеріне тікелей байланысты. Олардың біліктілігін арттыру мақсатында жан-жақты жағдай жасау уақыт талабы. Университетте магистратура, докторантураға көбірек орын бөлініп, шетелдік импакт-факторлы журналдарда ғылыми мақалалардың жиі жариялануын талап ету арқылы да ғылым әлемінде біршама жетістікке қол жеткізілді. Алда тұрған ұлан-ғайыр міндеттерге сай келетін университеттің жаңа стратегиясы жасалып, білім-ғылым бағытындағы алдағы жылдары атқарылуға тиіс іс-шаралар ауқымы нақтыланды. Басты міндет - жоғары білім сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендіру мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарына қосылу мақсатында қойылатын талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру. Осыған сәйкес бірнеше халықаралық жоғары оқу орындарының, Назарбаев университетінің оқу жоспарлары сарапталып, ғылыми бағыттағы және медицина бағытындағы мамандықтардың оқу жоспарлары халықаралық деңгейдегі оқу жоспарларымен теңестірілді. Ал педагогикалық бағыттағы мамандықтар Білім және ғылым министрлігі бекіткен мемлекеттік стандарттар негізінде қалдырылды.

Алда тұрған өзекті мәселенің бірі оқытушы-профессорлардың сапалық құрамын талапқа сай жоғары дәрежеге көтеру болып табылады. Ғылым кандидаттары 300-ден асады. Профессорлар болса 100-ден астам. Бұл аз. Олардың санын 200-ге жеткізу көзделуде. Мұнан тыс Түркияның бірқатар университеттерінен 200-дей профессор кезек-кезегімен келіп, лекция оқуда.

Білім ордасындағы барлық оқу жүйесі мен зертханалар жаңа техникалармен және интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген, спутниктік байланыс жүйесі тұрақты пайдаланылуда. Шәкірттердің сапалы да тиянақты білім алуларына мол мүмкіндік бар.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 9 мыңға жуық жас білім алуда. Оның ішінде түркітілдес 15 мемлекеттен келген 1200-дей студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады. Сондай-ақ барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 4 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған.

Жыл сайын қазақстандық талапкерлерге Түркия Республикасы Тарапынан 500 білім гранты беріледі. Бұл гранттар университетте тегін білім алуға мүмкіндік береді. Түркия гранттары бірінші кезекте республика бойынша ҰБТ мен КТ қатысып, жоғары ұпай жинағанмен Қазақстан грантына түсе алмаған талапкерлерге беріледі. Бұл орындарға Білім және ғылым министрлігінің тізімі бойынша Қазақстанның барлық облыстарынан талапкерлер оқуға қабылданады. Ал халықаралық және республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлеріне, Әлем, Азия, Республика деңгейлерінде жүлдегер атанған спорт саңлақтарынада грант беріледі. Сонымен қатар, тұл жетім және мүгедек талапкерлерге де орын бөлінеді. Осы арнайы бөлінген орындардан қалған гранттық орындар жалпы конкурсқа құжат тапсырған талапкерлер арасында өткізіледі.

Түркия грантын жеңіп алған талапкерлер бір жыл бойы Дайындық факультетінде «Foundation» бағдарламасы бойынша тегін оқытылады. Конкурс республика Білім және ғылым министрлігінің жүйесі бойынша бейіндік пәніне сәйкес келген мамандықтар бойынша жүргізіледі.

Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша Түркия Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші білімгерлерге де гранттық орындар бөлінген. Түркияның жоғары оқу орындарында оқып, білім арттырып келетін жастардың саны жыл өткен сайын арта түсуде. Көптеген түлектеріміз магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуларын табысты аяқтап, қазіргі таңда университеттің 9 факультетінде оқытушылық қызмет атқарып жүр.

Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу нәтижесінде қабылдау комиссиясының тізімінде ең жоғары ұпай алған студентке тоғыз ай бойы ай сайын қосымша ынталандыру шәкіртақысы төленіп келеді.

Қазіргі таңда университетте білім беруді сала-сала бойынша дамытуға айқын бағыт алынып отыр. Солардың бір-екеуін тілге тиек ете кетейік. Айталық, медицина саласы бойынша мамандар Еуропа стандарттарына сәйкес дайындалады. Ғылымға иек артқан тәжірибелі ғалым-мамандар жетерлік. Түркия Республикасының бірнеше оқу орындарымен келісім-шарт түзілген. 2012 жылғы қаңтар айынан бері Медицина факультетінің 4-курс студенттері Хажеттепе университетінде бір семестр бойы ағылшын және түрік тілдерінде білім алуда. Ал университетте аумағы 13 мың шаршы метр болатын 120 орындық жаңа клиника жұмыс істейді. Клиника Түркиядан арнайы алынған

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

## Біздің түлек

**А. САҒЫМБАЙ,**
**1995 жылғы түлек,**
**Қызылорда облысы әкімі аппаратының бас инспекторы, ҚР Мәдениет қайраткері**

Басқа факультеттерді айтпағанда, «Тарихфилология» факультетінде бізге білім берген ұстаздарымыз Мейірбек Ержанов, Мекемтас Мырзахметов, Темірғали Есенбеков, Құлбек Ергөбеков, Алмасбек Белботаев, марқұм Сейітқали Мадуанов ағайлардың шәкірттері үшін жасаған еңбектерін қалай ұмытарсың?! Олар – университеттің аяғынан тік тұрып, заманауи білім беру ордасына айналуына үлкен үлес қосқан абыройлы азаматтар. Сондай-ақ, Кляшторный, Гузеев, Вахит Түрк сынды шетелдік ғалымдар да бізге тарихтан, түрік тілінен білім берді. Жанжағымыздағы шетелдерден, республикамыздың маңдайалды оқу орындарынан профессор-ғалымдар келіп, дәріс оқып жатты.






қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Материалдық база жоғары дәрежеде. Клиникалық базалардың материалдық-техникалық жағынан озық үлгімен жарақтандырылуына шетелдік ғалым-мамандар жоғары баға берді. Халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан клиникалық-диагностикалық орталықтың ашылуы Түркістан қаласының ғана емес, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының да тұрғындарына сапалы қызмет көрсетумен қатар, Медицина факультеті студенттерінің біліктілігін арттыруда да үлкен маңызға ие болып отыр. Сонымен медицина мамандықтарында білім алатын студенттер үшін Шымкент және Түркістан қалаларында екі клиника оқу базасы ретінде пайдаланылуда.

Халықаралық білім ордасында Ғылым орталығы жұмыс істейді. Оның құрамында Түркология, Экология және Археология ғылыми-зерттеу институттары бар. Университеттің ғылыми-зерттеу институттары Елбасының ұлттық бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру, отандық инновация жүйесін қалыптастыру бағытындағы алға қойып отырған талаптарды орындау жөнінде ғылыми-зерттеу аясын кеңейте түсуде.

Университетте ғылымды дамыту басты бағытқа айналған. Қазірге дейін гранттық жобалар мен конкурстарға қатысу нәтижесінде 550,2 миллион теңге көлемінде орындалды. Бұл көрсеткіш 2013 жылы 69 миллион теңге көлемінде ғана болатын.

Университетте кәсіби бағдар жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Әлеуметтік желілердегі талапкерлерге арналған парақшалар күн сайын үздіксіз ақпараттар жариялауда. Озат оқушыларды қабылдау, қолдау мақсатында 2014 жылдан Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы ұйымдастырылып, жыл сайын 100-ге жуық Түркия гранттары қазақстандық мектеп бітірушілерге берілуде. Дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» мектеп-лицейінен (ҚТЛ), «Дарын», Назарбаев зияткерлік мектептерінен қабылданатын білімгерлердің саны да көбеюде. Олардың ішінде ҰБТ бойынша ең жоғары балл алып, ерекше нәтиже көрсеткен білімгерлер де бар. Қазіргі таңда зерек және шет тілдерін жетік меңгерген талапкерлерді университетке тарту мақсатында арнаулы мектеп-гимназиялармен жүйелі байланыстар орнатылуда. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде университетке жыл сайын қабылданатын білімгерлердің саны артып, жағрапиялық аумағы арта түсуде.



Ежелгі Түркістанда шаңырақ көтерген Халықаралық білім ордасы тек ғылым мен білімнің нәрімен сусындатып қоймай, қалаға көрік беретін үздік сәулеткерлік шеберлікпен салынған оқу ғимараттарымен, оқытушы-профессорларға арнайы салынған коттеджбен, спорттық сауықтыру кешендерімен, зәулім Мәдениет орталығымен, жатақхана, асхана және кітапхана кешендерімен де ерекшеленеді. Аумағы 160 гектарды алып жатқан таңғажайып ботаникалық бақ та қасиетті Түркістанның көркіне көрік қосып тұр.

Білім ордасының спортшылары биік белестерді бағындыруда. Спорттың 13 түрі бойынша секциялар жұмыс істейді. Бізде қазақ күресінен 3 әлем чемпионы, бокстан 1 әлем чемпионы, азия ойындарының 4 жеңімпазы бар. Қазақша күрестен университет түлегі Мәди Құрымбаев әлемнің екі дүркін жеңімпазы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткен IX жазғы универсиада ойындарында еліміздің 53 жоғары оқу орындарының спортшылары бақ сынады. Жалпы командалық есепте университет спортшылары жүлделі үшінші орынды иеленді.


Елбасы – Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының екінші бөлімінде қоғамдық сана жаңғырудың негізді қағидаларды қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап ететіні алға тартылып, таяу жылдары атқарылуы тиіс міндеттер белгіленді. Осы орайда Елбасы ең бірінші қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажеттігіне тоқталды. Тұңғыш Президенттің қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлығы Тәуелсіз еліміздегі ең басты оқиғалардың біріне айналып отыр. Білім ордасының оқытушы-профессорлары мен студенттері латын әліпбиіне көшу – Қазақ елінің рухани жаңғыруындағы жаңа қадам екенін терең түсіністікпен

қабылдап, барынша қолдауда. Бұған Жарлыққа қол қойылған күннен бастап, аудиторияларда өткен басқосулардағы жүрекжарды ой-пікірлер мен тебіреністі лебіздер айқын дәлел. Жарлықта нақты көрсетілгендей, латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің бекітілуі, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшуін қамтамасыз ету, осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы, шаралар қабылдау мақсатындағы Қаулы баршамызды жігерлендіріп, қуанышқа бөлеуде.



Елбасының бағдарламалық мақаласын әбден екшеп, ой елегінен өткізіп, мың ойланып, жүз толғанып барып қолына қалам ұстағаны анық. Бұл еңбекті елдік толғауы десек те болады. Себебі, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Қазақ елінің рухани жаңғыруы аясында жүзеге асырылғалы отырған кең ауқымды жобалардың бірі екендігі айдан анық. Қоғамдағы қызу талқылаулар бұл проблеманың қаншалықты маңызды екенін дәлелдеп отыр.

Біз қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру мәселесіне үлкен дайындықпен келіп отырмыз. Тұңғыш Президентіміздің 2012 жылы латын әліпбиіне көшу туралы идеяны ортаға салғаны есімізде. Содан бергі бес жылға жуық уақыт дайындықпен өтіп келеді десек қателеспейміз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап латын әліпбиіне өткен Әзірбайжан, Өзбекстан мен Түркіменстан елдерінің тәжірибесі еліміз үшін үлкен сабақ. Бауырлас елдердің жүріп өткен жолындағы кемшіліктері мен жіберген қателіктерін қайталамау әліпби реформасын сәтті жүргізуге ықпал етері анық. Білім ордасының студенттеріне латын әліпбиіне көшу қиындық тудырмайды. Олай дейтініміз, біздің студенттерімізге барлық мамандықтар бойынша дайындық топтары мен бірінші курстан бастап-ақ ағылшын тілі мен түрік тілі тереңдетіліп оқытылады. Біз барша түркі дүниесі әлем елдерінің басым көпшілігі қолданып отырған жазуға көшсе, біріншіден, өзара ақпарат алмасудың жеңілдейтініне, екіншіден, жаһандық өркениетке даңғыл жол салынатынына кәміл сенеміз.



Елбасының бағдарламалық мақаласында алға қойылып отырған ұлтымыздың рухани жаңғыруына бағытталған таяу жылдардағы міндеттер біртұтас ұлт болуға, мәдени және сана ашықтығына ұмтылуға, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлетуге бастайды. Халқымыз кириллица аталған әліпбидің ықпалынан, анығырақ айтқанда, оның толыққанды иесі саналатын жұрттың саяси-ақпараттық ықпалынан арылатын кезеңге де жетті. Енді, міне, еліміздің рухани өміріндегі елеулі кезеңге де қадам басқалы тұрмыз.

Елбасының бағдарламалық еңбегінде қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасына айрықша мән берілген. Бұл жас ұрпаққа жаңа сапалық деңгейде білім беруге батыл бетбұрыс жасап, білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.

Мемлекет басшысы мақаласында «Туған жер» бағдарламасы мен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жасауды тапсырды.

Елбасы «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынына кәміл сене отырып, Қазақ елін мекендейтін әрбір жанның бойындағы туған жерге деген сүйіспеншіліктің Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатынын қадап тұрып айтты. Әрбір қазақстандық өз елінің патриоты болуға міндетті. Патриотизм өз тарихы мен тамырын білумен тікелей байланысты болса керек.

Сан ұлтты студенттер арасындағы достық білім ордасының қабырғасыда

**Қазақ хандығының астанасы болған ежелгі Түркістан – тегі бір, ділі бір, діні бір күллі түркі халықтарының Атажұртында басын қосып, рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы**



жүргенде мәңгілік нығая түседі. Бүкіл түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылатын да солар. Олар өзара қарым- қатынаста жүріп, туыстас халықтардың тарихын, мәдениетін және тілін терең ұғынады. Білім ордасының студенттері өзге студенттерден білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Университет еліміздің нағыз париоттарын даярлауда. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен салауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық университеттің рухани астанамыз – қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегіне әрдайым қасиет нұрын құяды. Осы орайда Елбасымыздың халыққа дәстүрлі Жолдауындағы «Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деген тебіреністі сөздерінің жүректерге ұялап, толқытқаны ақиқат. Кезінде Елбасының идеясымен шаңырақ көтерген білім ордасының студенттерін Мәңгілік Ел идеясы нұрландырып, патриоттық сезімдерін алаулата түсуде.

Әрбір халықтың баршаға ортақ қасиетті жерлері болады. Осы тұрғыдан келгенде Елбасы «Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» деп ежелгі тарихи жәдігерлерімізді тілге тиек ете келе, мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтынын айтады. Президент «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеу барысында ішкі және сыртқы мәдени туризмді өркендету мақсатымен осы қастерлі мұраларға сүйене отырып, мәдени маңыздылығы тұрғысынан келгенде Түркістан мен Алтайдың ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар екеніне баса назар аударады.



Адамзат баласы тарихындағы түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің отаны – қасиетті Түркістанда бабалар рухы жаңғырып жатыр. Қазақ хандығының астанасы болған ежелгі Түркістан – тегі бір, ділі бір, діні бір күллі түркі халықтарының Атажұртында басын қосып, рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы. Кезінде «Дін - апиын» деген қағида ұстанған Кеңес өкіметінің тұсында Ясауи бабамыздың кесенесі де, Түркістан қаласы да «өгейлік» көрді. Кеңестік империя идеологиясы ұлт перзенттеріне байланысты сыңаржақ көзқарас қалыптастырғанымен, халық жадынан тарихи ақиқатты өшіре алған жоқ. Ұлы ақын-әулиені рухани көсем санаған мұсылмандар тоғыз жүз жылдан бері оның ілімімен бірге жасап келеді. Бұл жөнінде Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында толғанысқа жазған болатын. Қазір киелі Түркістанда классикалық философиялық, археологиялық, тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие. Бұған білім ордасының ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтініміз, ғылыми әлеует бар. Бір таң қаларлығы сол, күні бүгінге дейін Ахмет Ясауи терең зерттелмеген, ұлы ғұламаның жеке өмірі, тарихы жөнінде там-тұмдап қана білеміз. Ясауи музейі қажет-ақ. Сондай-ақ осында жерленген хандарға, батырлар мен билерге арналған ашық аспан музейін іске қоссақ, қала мәртебесінің биіктей түсері сөзсіз.

Түркістан атырабында ескі шаһарлар тұтасып жатыр. Демек, қазба жұмыстарын кең бағытта жүргізіп, саяхатшылар тамсана тамашалайтындай жағдай туғызу қажет. Ата-бабадан мирас болып қалған ұлттық қолөнерді жаңғыртып, оны жаңа сәулет өнерімен үндестіре білсек, қанеки. Осындай игілікті істерді Арыстанбабта, Сығанақ қалашығында, өзге де тарихи мекендерде жүргізер болсақ, бұл туризмнің дамуына негіз болар еді. Айталық, университетіміздегі Археология ғылыми-зерттеу институтының Сығанақ археологиялық экспедициясы орындап жатқан «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қаласында археологиялық зерттеулер жүргізу» деген ғылыми жоба маңызға ие. Институт «Ортағасырлық Сығанақ қаласы» атты ашық аспан мұражайын ашу жөнінде ұсыныс берді.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің жиырма алты жыл мерзімі ішінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белең алуына басты негіз болды. Бұрын аудан орталығы болып келген шағын шаһар қазір мәдени орталықтары көз тартатын жасыл желекті, көрікті қалаға айналып келеді. Қасиетті мекеннің жасарып-жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде Қазақ елі Тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз Тәуелсіздігінің символына, түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениетінің алтын бесігіне айналды.

Елбасының киелі Түркістанға жиі-жиі ат басын бұратыны мәлім. Кеңес Одағының кезінде-ақ университетті ашу жөніндегі Жарлыққа қол қойған оның білімордасыныңболашағынаүміт-сенімменқарағанықүмәнсіз.Әлемтүркілерінің рух астанасы – қасиетті Түркістанның бүгінгідей жасарып-жаңғыруында білім ордасы жетекші рөл атқарып отырса, түркілер бірлігі жолындағы ұлы іске тастүйін жұмылған мыңдаған шәкірттер университет қабырғасынан түлеп ұшып жатса, бұл сенімнің ақталғаны емес пе! Қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан сайын алдымен университетке соғып, оқытушы-профессорлармен, студенттермен жүздесетіні, өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі сұрастырып, аландаушылық білдіретіні де дәл сондықтан болар. Зиялы қауым мен шәкірттер осы білім ордасын мақтаныш сезіммен «Елбасы құрған университет» деп атайды.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ

**Қазақ елі Тәуелсіздігінің жиырма алты жыл мерзімі ішінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белең алуына басты негіз болды**






**Сарасөз әдеби-танымдық журналының индексі**
**– 74974**

**КАЗПОЧТА, ЕРНҰР-ПРЕСС, ЭВРИКАМЕДИА,**
**ЕРКІН-ПРЕСС АРҚЫЛЫ**

**1 жылға жазылу бағасы:**
**Қала – 6337,20т**
**Ауыл – 6388,80т**

**6 айға жазылу бағасы:**
**Қала – 3168т**
**Ауыл – 3194т**